

АҚОРДА

КОРЕЯ ҚАЗАҚСТАНМЕН СЕРІКТЕС БОЛУҒА ДАЙЫН

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Корея Республикасы Ұлттық ассамблеясының спикері Чон Се Гюнмен кездесті. Елбасы кездесу барысында Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастың дамып келе жатқанын және оны әрі қарай нығайтуға мүдделі екенін атап өтті.



— Қазақстан Корея Республикасымен жақсы қарым-қатынас орнатқан. Елдеріміз арасындағы тауар айналымының көлемі 2 миллиард долларға жуықтады. Сіздердің тауарларыңыздың біздің елге Ляньюньган порты арқылы келіп жатқаны қуантады, онда біздің логистикалық терминалымыз бар. Қазақстан Кореямен жана және цифрлы технология, индустрияландыру,

медицина және басқа да салаларда ынтымақтастық орнатуға ниетті, — деді Қазақстан Президенті. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы парламентаралық қарым-қатынастарды нығайтудың және оларды дамытудың маңыздылығына назар аударды. Чон Се Гюн кездесуге және екіжақты қатынастар мәселесін талқылауға мүм-

кіндік бергені үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа алғыс білдірді. Ұлттық ассамблея спикері Астананың қарқынды дамып келе жатқанын айтып, Қазақстанда өткен жаһандық іс-шаралар — халықаралық EXPO мамандандырылған көрмесі мен Дүниежүзілік XXVIII қысқы универсиадаға жоғары баға берді. Чон Се Гюн екіжақты байланыстың стратегиялық сипатта дамып келе жат-

канына тоқталып, «Қазақстан — 2050» стратегиясының мақсаттарына жету жолында Корея Қазақстанмен серіктес болуға дайын екенін атап өтті. Бұдан бөлек, Ұлттық ассамблея спикері өткен ғасырдың 30-жылдарында Қазақстанға жер аударылған этникалық көрiстерге көмек қолын созып, қолдау көрсеткені үшін еліміздің халқына алғыс білдірді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БИЫЛ – ӨЗБЕКСТАН ЖЫЛЫ

2018 жыл Қазақстанда **Өзбекстан жылы** деп жарияланды. Бұл туралы өткен жылдың соңында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев **Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевпен Астана, Ташкент сапарлары кезінде болған шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздерден кейін мәлімдеген болатын.**

«Өзбек халқы — біздің жақын көршіміз, Орталық Азиядағы үлкен мемлекеттердің бірі. Сондықтан Өзбекстанмен байланыс біз үшін қашанда маңызды. Келесі жыл Өзбекстанның Қазақстандағы және

Қазақстанның Өзбекстандағы жылы деп жарияланады» деген Н.Назарбаев қос мемлекеттің арасындағы сауда айналымын арттыруға айрықша мән берді. — Өткен жылы екі елдің арасындағы сауда айналымы екі есе өсті. Біз Өзбекстанның жаңа президенті Шавкат Мирзиёевпен бірге бұл көрсеткішті 5 миллиардқа дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз, — деді ол. Қазір Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы — 1,5 млрд доллар. Былтыр Астанада өткен бизнес-форум кезінде қос мемлекет арасында құны 840 млн доллар болатын келісімдерге қол қойылған. Сарапшылардың айтуынша, бұл 2020 жылға дейін Өзбекстан мен Қазақ-

станның сауда әріптестігін жана деңгейге көтеру мақсатының уақытынан бұрын орындалатынына деген сенімді күшейтеді әрі көршілес елдерді Орталық Азиядағы үдемелі дамудың драйверіне айналдырады. Екі елдің мәдени бауырластығын жаңғыртып, экономикалық байланыстарын нығайта түседі деп күтілген жыл ресми түрде 15 наурыздан басталады. Бұл ақпарат Қазақстанның Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Ерік Өтембаевтың «Өзбеккино» ұлттық агенттігінің басшысы Фуркат Зокировпен кездесуі барысында белгілі болды. Қазақстан өкілі Өзбекстан жылы 2018 жылы 15 наурызда Астана қаласында өтетін Орта Азия басшыларының саммитінен бастау алатынын хабарлады.

Осыған орай еліміздің ірі қалаларында өзбек фильмдерінің көрсетілімдерін ұйымдастыру туралы ұсыныстар айтылды. Кездесу кезінде тамырлас екі ел кинематография саласында күш біріктіріп, тарихи туындылар, деректі фильмдер түсіруді қолға алуға назар аударылды. «Өзбеккино» ұлттық агенттігі басшысының орынбасары Шухрат Ризаевтың пікірінше, Қазақстанда өзбек фильмдеріне, ал Өзбекстанда қазақ кинотуындыларына деген сұраныс бар. «Сондықтан көрерменнің талғамына сай көрші мемлекеттердің тарихи тұлғалары туралы кинокартиналар дайындау өткенді ұлықтап, бүгінгі байланыстарға серпіні беріп, болашаққа дұрыс бағдар жасауға көмектеседі» делі ол.

ҰСЫНЫС

ҰЛЫС КҮНІНІҢ ҰЛЫЛЫҒЫН ҚАШАН СЕЗІНЕМІЗ?

Түбі бір түркі елдері үшін ұлы да, ұлысты ұлттық мереке – өз Наурыз мейрамына азғантай қалды. Әншейінде, григориан күнтізбесіндегі Жаңа жылға бір ай бұрын дайындалатын басшылар да, қосшылар да, қалың көпшілік те бұл жолы үнсіз. Қазақы жыл басы саналатын Ұлыстың ұлы күнінің иісі өзiрге сезiлер емес. Мерекенің мысқалдай да нышаны, жыл күткен жұрт байқалмайды. Жылдағыдай «Наурыз тойы тар көлемде аталып өтпесін» деп бірлі-жарым азаматтар бас көтергені болмаса, қалғандары санамызға сіңіп, қанымызға дендеген әдеттен арыла алмай отыр. Неге?..

» 7 БЕТ



MYUPGRADE

ҚОЛЖЕТІМДІ ЖАЙЛЫЛЫҚҚА
ДЕЙІН БІР ҚАДАМ

Бизнес-класс салонында ұшуға дайынсыз ба? Эконом класында сатып алынған билетіңіз болса MyUpgrade құралымызды пайдаланып, қызмет салонын бизнес-классқа жоғарылату үшін бағаңызды ұсыныңыз.




airastana.com → My Booking → MYUPGRADE

СЕНАТ

ЕКІЖАҚТЫ БАЙЛАНЫСТАР БЕКИ ТҮСТІ

Индонезияда сапарда жүрген Қазақстан Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар екіжақты кездесу өткізді. Елдің президенті Джоко Видодомен кездесуі спикер сапарының басты оқиғасы болды.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша Сенат төрағасы Индонезия басшысына биылғы қазанда Қазақстанға ресми сапармен келуге шақыруын жеткізіп, Әлем және дәстүрлі діндер лидерлерінің VI съезіне қатысуға шақыруды табыс етті. Қ.Тоқаев Астанадағы дінаралық форум дін көшбасшыларымен қатар әлемдік деңгейдегі саясаткерлер де бір үстел басында бас қосатын ұнқатысу алаңы ретінде мойындалғанын атап өтті. Съезд жұмысына БҰҰ Бас хатшысы, көптеген мемлекеттің басшылары, халықаралық ұйымдардың жетекшілері қатысты.

Сенат басшысы жер жүзіндегі ірі мұсылман мемлекеті саналатын осы ел басшысының Астанадағы діни форумға қатысуы, ислам әлеміндегі Индонезияның маңызды рөлін ескере келгенде, «Діни қайраткерлер қауіпсіз әлем жолында» тақырыбына арналған бұл съездің табысты өтеріне ықпал ететінін атап өтті.

Қ.Тоқаев екіжақты қатынастардың келешегі туралы айта келіп, Қазақстан Оңтүстік-шығыс Азиядағы жетекші елдердің бірі — Индонезиямен жан-жақты әрі өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ерекше маңыз беретініне назар аударды. Кейінгі жылдарда екіжақты қатынастардың барлық бағыты бойынша, атап айтқанда, сауда-экономикалық, аймақаралық ынтымақтастық, мәдени-гуманитарлық және парламентаралық өзара іс-қимыл салаларында оң өзгерістер көрініс тауып отыр.

Қасым-Жомарт Кемелұлы іске қосылатын жаңа көлік-логистика бағдарларының келешегіне, бірінші кезекте



Қазақстанның «Нұрлы жол» бағдарламасы мен ҚХР-дың «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасын ұштастыру жоспарына байланысты жаңа мүмкіндіктерге тоқталды. Атап айтқанда, «Қазақстан — Ляньюньган порты (ҚХР) — Азия-Тынық мұхиты аймағындағы теңіз порттары» көлік дәлізінің мүмкіндіктері сауда-экономикалық ынтымақтастығын тереңдетуге ықпал ететін болады.

Исламдық қаржыландыру саласындағы Индонезияның мол тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан тарапы «Астана» халықаралық қаржы орталығы аясында индонезиялық қаржы институттарын жұмысқа тартуға ықылас білдірде. Мемлекет басшысы «Астана» қаржы орталығы қызметінің басым бағыттарының бірі ретінде ислам қаржыландыруын атаған болатын.

Джоко Видодо өз кезегінде Қазақстанға сапарыуына орай Президент Н.Назарбаевқа алғыс айтты және саяси, экономикалық, мәдени екіжақты байланыстарды арттыру мақсатында барлық шараларды қабылдау жөніндегі ниетін жеткізді.

Қазақстан Сенатының төрағасы мен Индонезия Халық кеңесшілері конгресінің төрағасы Зулкифли Хасанмен әңгімесінің тақырыбы парламентаралық байланыстарды нығайтудың келешегіне қатысты болды. Қ.Тоқаев Қазақстанның саяси жүйесінің ерекшеліктері туралы хабардар етіп, Парламент жоғарғы палатасының конституциялық өкілеттіктері жайында әңгімелеп берді. Индонезия тарапы Қазақстан Президентінің бес әлеуметтік бастамасын іске асырудағы жоспары мен саяси және Рухани жаңғыру бағдарламасына ерекше ықылас білдірді.

Сенат спикері Индонезия Халық өкілдері кеңесінің төрағасы Бамбанг Сусатиомен кездесуінде заң шығару органдарының өзара диалогының мәселелері әңгіме өзегіне айналды. Жүздесу барысында Қазақстан мен Индонезияның өзара ынтымақтастығын нығайтудағы парламентаралық құрамның маңызды рөлі атап өтілді. Қ.Тоқаев екі елдің заң шығару органдарында қызмет ететін депутаттық достық топтарының жұмысын өрістетуге шақырды.

МӘЖІЛІС

КОРЕЯ ПАРЛАМЕНТИМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ

Мәжілісте палата төрағасы Нұрлан Нығматулин мен Корея Ұлттық ассамблеясының төрағасы Чунг Се Пюн екі елдің парламентшілері арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Бұл рәсім Оңтүстік Кореяның заң шығарушы билігі басшысының өлімізге ресми сапары аясында өтті.

Кездесу барысында Нұрлан Нығматулин мен Чунг Се Пюн екіжақты сауда-экономикалық, халықаралық, мәдени-гуманитарлық, сонымен бірге, парламентаралық ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады.

Мәжіліс басшысы Корея Республикасының Шығыс Азиядағы Қазақстанның басты стратегиялық әріптестерінің бірі екенін атап өте келе, оңтүстіккореялық әріптестерімен бірлескен жұмысты жандандыруға қазақстандық қалаулылардың мүдделі екеніне назар аударды.

Қазақстан Президентінің мемлекетімізді дамыған елдер қатарына қосу жолындағы стратегиялық маңызды бастамаларын, соның ішінде биылғы Жолдаудағы он негізгі міндетті жүзеге асыру жайын сөз еткен Мәжіліс төрағасы Кореяның цифрлы технологияларды қолдану және инновациялық даму саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылатынына тоқталды. Сондықтан оның айтуынша, корейлік депутаттық корпустың экономиканы цифрландыруды, көлік және логистика, денсаулық және білім салаларында инновациялық технологияларды ендіруді заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету тәжірибесі зор практикалық қызығушылық тудырды.

Н.Нығматулин Еуразия елдері парламенттері спикерлері кеңесінің маңыздылығын атап өтті. Ол кеңестердің бірі өткен жылдың маусым айында Сеулде ұйымдастырылған. Спикер бүгінде бұл форумның парламентшілер үшін өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі көкейкесті мәселелер бойынша пікір алмасуға, заң шығарушылық қызмет тәжірибелерімен бөлісуге арналған қосымша диалог алаңына айналғанын айтты. Ол 2019



жылы аталған басқосудың төртінші жиыналысын ұйымдастыру қажеттілігіне көңіл бөлді.

Мәжіліс басшысы Қазақстанның және Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың экстермизм мен терроризммен ада әлемге қол жеткізу, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруларын таратпау мәселесін шешудегі бірізді жұмысына еклін түсірді. Нұрлан Нығматулин біздің еліміздің Оңтүстік және Солтүстік Кореялар арасындағы қарым-қатынастарда жылылықтың пайда болуын қуана қоспайтынын және Корей түбегіндегі ахуалдың сұхбаттастық пен келіссөздер жолымен шешілуін жақтайтынын атап өтті.

Өз кезегінде Чунг Се Пюн Елбасы Н.Назарбаевтың халықаралық бастамаларына, соның ішінде ядролық қарусыздану, сондай-ақ Корей түбегіндегі ахуалды реттеу мәселелеріндегі іс-қимылдарына жоғары баға берді. Корея Ұлттық ассамблеясының төрағасы Қазақстанның ең дамыған 30 ел қатарына кіру мақсатын жақсы білетінін және Қазақстан Президентінің теңдесіз көшбасшылығын, еліміздің жоғары даму қарқынын, бай ресурстарын ескере келе, Қазақстанның ол мақсатқа

жетеріне ерекше сенім білдірді. Осы үлкен жолда Корея Қазақстанның ең жақын әріптестерінің бірі болып қалатынын атап өтті.

Тараптар бұл ресми сапар және оның аясындағы келіссөздер екі елдің стратегиялық әріптестік қатынастарын, соның ішінде парламенттер арасындағы ынтымақтастықты ары қарай нығайтуға септесеріне сенім білдірді.

Қазақстан Парламентінің Мәжілісі мен Корея Ұлттық ассамблеясы арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылуы бұл кездесудің басты бір қорытындысына айналды. Алғаш рет жасалып отырған бұл келісім елдеріміздің стратегиялық ықпалдастығын заңдық тұрғыдан қолдауға мүмкіндік беруімен қатар, парламенттер арасындағы заңнамалық тәжірибені одан ары ынталандыруға, халықаралық мәселелер төңірегінде ортақ ұстанымды күшейтуге зор ықпал ететін болады.

Осы орайда Нұрлан Нығматулин және Чунг Се Пюн парламенттердің бейінді комитеттері мен ынтымақтастық жөніндегі депутаттық топтар арқылы жиі араласып, парламентшілер әріптестігін жаңа деңгейге көтерудің маңыздылығына назар аударды.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Елбасының бес бастама аясында берген тапсырмасына сәйкес, сәуірде «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы өзгертіледі. Бұл жайлы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында мәлім болды. Жиында Үкімет мүшелері Мемлекет басшысының бес бастамасын іске асыруға бағытталған арнаулы «Жол картасы» жобасын қарап, қабылдады.

Сондай-ақ отырыста биылғы қантар-ақпандағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары талқыланды. Бұдан бөлек биыл, әсіресе, «Наурыз» мейрамының мерекелік күндерінде әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының қымбаттауына жол бермеу шаралары пысықталды. Сонынан «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ұлттық баяндама» жобасы бекітілді. «Президенттің бес әлеуметтік бастамасын» іске асыру жөніндегі жол картасының жобасын таныстырған Ұлттық экономика министрі Тимур Сұлтановтің айтуынша, құжат мүдделі мемлекеттік органдармен және Ұлттық банкпен бірлесіп әзірленген. Ол 35 шарадан тұрады және 7 заң жобасын, 6 Үкімет қаулысының жобасын және 3 Ұлттық банк басқармасы қаулысының жобасын әзірлеуді, сондай-ақ министрлердің 2 бұйрығы мен әкімдіктердің 4 қаулысын қабылдауды қарастырды.

«Әрбір отбасыға баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беруді» көздейтін бірінші бағыт шараларының негізгі орындаушысы — Ұлттық банк және Инвестициялар және даму министрлігі. Жол картасының негізгі іс-шаралары «7 — 20 — 25» бағдарламасын бекітуге және оны іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуге бағытталған. Шілде айына дейін Ұлттық банк жанынан ипотекалық кредиттерді сатып алатын арнайы еншілес ұйым құрылмақ. Сонымен қатар «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша инфрақұрылымды қаржыландыру жылына тағы 20 млрд теңгеге дейін ұлғайтылады. Жаңа «7 — 20 — 25» бағдарламасының нормаларын ескере отырып, «Нұрлы жерге» түзетулер енгізіледі.

«Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайтуға» қатысты екінші бағытта Ұлттық экономика министрлігінің өзі жауапты. Министр өте ірі көлемде табыс табатындардан көбірек салық алу мәселесін зерделейтіндерін мәлімдеді. Оның анық-қанығы күзге қарай айқындалмақ.

— Бұл бағыт аясында салық заңнамасын өзгерту бойынша ұсыныстар әзірлеу жоспар-

«САРЫАРҚА» – АСТАНА МЕЙРАМЫНА СҮБЕЛІ СЫЙ

лануда. Жалақысы төмен жұмыскерлердің жеке табыс салығының (ЖТС) мөлшерін азайту мәселесі пысықталады. ЖТС салу тәртібі мен өкімшілендіру тетігін қарау жоспарланып отыр. Бұдан бөлек ЖТС-тың прогрессивті шөкілін енгізуін мүмкіндігін зерделеді. Іс-шаралар тамыз айында аяқталады. Алайда жаңа тетік, жаңа салық кезеңінің басталуымен бірге, тек 2019 жылы 1 қантардан бастап күшіне енеді, — деді Т.Сүлейменов.

Үшінші бағытта, яғни «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсартуға» Білім және ғылым министрлігі жауап береді.

Бұл ретте алда 2018 жыл бюджетін нақтылау кезінде техникалық мамандықтарға басымдық бере отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысын арттыру жоспарлануда. Нақтырақ айтқанда, қосымша 20 мың гранттың 11 мыңы техникалық мамандықтарға, 5 мыңы — бакалавриат бойынша басқа мамандықтарға, 3 мың грант — магистратураға және 1 мың грант PhD бағыттарға бөлінбек. Сондай-ақ Білім беру жүйесінің инфрақұрылымын дамыту мәселелері пысықталады. Бас экономистің айтуынша, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша гранттарды ұлғайту үшін қажетті Үкімет қаулыларының жобалары сәуір айына қарай әзірленбек.

Жатақханаларды бюджет есебінен емес, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салу үшін керекті тетіктерді айқындау және заңнамалық түзетулерді әзірлеу жоспарлануда. Мамыр айының соңына дейін өкімдер жатақханалар салу үшін ЖОО-лар мен колледждер аумақтарының маңынан жер учаскелерін бөліп шығанды.

Төртінші бағыт «шағын несие көлемін көбейтпек». Бұл міндет Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне бекітілген. Мамыр айында 2021 жылға дейінгі «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларына» түзетулер енгізу жоспарлануда. Өзгерістер қалалар мен ауылдарда микрокредит беруге арналған қаржы көлемін ұлғайтуға және кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге бағытталды. Ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының айналасында «зәкір кооперациялар» құру жөніндегі жобаларды іске асыруға микрокредиттер беру тетіктері әзірленбек. Сонымен бірге, микро-



қаржы ұйымдарын кепілсіз негізде қаржыландыру тәсілдері түзіледі.

Бесінші, «елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру» бағыты Энергетика министрлігіне жүктелген. Жалпы, осы бағыт тұтасымен жалғыз бір жобаға — «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының бірінші кезеңінің құрылысына шоғырланған. Жобаны қаржыландыру схемалары мен шарттары маусымға қарай айқындалады. Еуропа қайта құру және даму банкі, Еуразия даму банкі және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын тарту жоспарлануда. Әкімдер магистральдық газ құбыры желісін жүргізуге қажетті жер учаскелерін маусым айында-ақ бөлетін болады. «Сарыарқа» газ құбыры жобасының басталу салтанаты биылғы шілдеге белгіленген. Астана күніне тұспа-тұс келеді деп күтілуде. Газ құбырының құрылысын аяқтау келер жылдың желтоқсанына жоспарланған.

Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменовтің айтуынша, осы жол картасы бекітілгеннен кейін, яғни бүгіннен бастап, орталық және жергілікті атқарушы органдар Мемлекет басшысының бес әлеуметтік жобасын нақты іске асыруға дереу кіріседі.

Әрине, көптеген қазақстандықтарды арзандатылып ипотекамен баспана алу жайы қызықтырып отырғаны мәлім. Осы орайда Ұлттық банк басшысы Данияр Ақышев «7 — 20 — 25» бағдарламасын әзірлеуді бастап кеткендерін хабарлады. Ол жаңа бағдарламаны жасау кезінде бұрынғы бағдарламалардың тәжірибесі ескерілетінін қосты.

— Қазақстанда 2000 жылдардан бері тұрғын үй құрылысын үзекмерзімді қаржыландыруды ынталандырудың және ипотекалық жүйесін дамытудың түрлі тәсілдері қабылданды. Мысалы, ипотекалық кредиттерді секьюритизациялау жүйесі 2000 жылдары іске қосылды. Ол азаматтардың төлем қабілеттілігі қазіргіден көп төмен болған сол жылдары-ақ ипотекалық несиелендіруді дамытуға нақты серпін берді. Сонымен бірге, «Тұрғын үй құрылыс жинақ» жүйесі іске қосылды. Ол өзінің өміршендігін дәлелдеді, — деді Д.Ақышев.

Ол қазіргі уақытта ипотека мен тұрғын үй құнын арзандатуға бағытталған «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы іске асырылып жатқанын еске салды. Қаржылық реттеу жетекшісі сондай-ақ халықпен жұмыс істеу кезінде «қолданыстағы қаржы инфра-

құрылымының мүмкіндіктерін пайдалану» керек деп табандайды.

«Тек банктердің ғана халықпен жұмыс істеу тәжірибесі бар екені және ипотекалық кредиттеу бойынша жаппай қызметтерді көрсете алатыны анық. Бұл болашақ бағдарламаның барынша қамтылуын қамтамасыз етеді. Сондықтан Ұлттық банк өткен жылдардың неғұрлым сәтті тәжірибесін пайдаланып, Мемлекет басшысы айқындаған талаптармен «7 — 20 — 25» бағдарламасын іске қосады. Яғни, ипотека жылдық 7% ставкамен 25 жылға беріледі, бастапқы жарна — 20%. Ең бастысы, ипотекалық кредиттерді секьюритизациялаудың міндетті тетігімен бірге, екінші деңгейлі банктер арқылы ипотекалық кредиттеудің нарықтық қағидағары пайдаланылады», — деп нақтылады Д.Ақышев.

Ол сондай-ақ бұрынғының теріс тәжірибесі де, атап айтқанда, қарыз алушылардың кредиттік төкелесін жете бағаламауға жылжымайтын мүлік бағасының құлдырауы қосылып, ақыр соңында ипотекалық қарыз алушыларды мемлекет қорғауға мәжбүр болғанын ескеру қажеттігін нықтады. ҰБ басшысы жаңа тұрғын үй бағдарламасын іске асырудың төрт негізгі кезеңін айқындағандарын мәлімдеді.

— Жақын арада Ұлттық банк басқармасы 100 пайыздық мемлекеттік меншіктегі арнайы еншілес компанияны — Бағдарлама операторын құру мәселесін қарайды. Жаңа компанияның капиталы Ұлттық банктің қаражаты есебінен қалыптасады. Капитал компанияға 7 — 20 — 25 формуласы бойынша банктер ұсынған жаңа ипотекалық кредиттерді сатып алу мақсатында, нарықтық талаптармен қаржы нарығынан қаражат тарту үшін қажет. Секьюритизациялау тетігі дегеніміз де — осы, — деді Данияр Ақышев.

Екінші кезең осы компанияның «қаржы агенттігі» ретінде таңылуын қарастырды. Соның арқасында аталған компанияның облигацияларына да мемлекеттік бағалы қағаздардай салық салынады. Қажетті заңнамалық түзетулерді Ұлттық банк Үкіметтің қарауына наурызда жібереді. Үшінші кезеңде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Д.Ақышев мұндай жеңілдікпен баспана алуға мүмкіндік беру «мемлекеттің теңдесіз қадамы болып табылатынын», бірақ «бағдарлама масылдыққа жол бермеуге тиістігін» айтты.

— Бағдарлама болашақ қарыз алушылардың төлем жасауға қабілетті болуын талап етеді. Бағдарламаға тек ресми кірісі бар Қазақстан азаматы ғана қатыса алады. Бүгінде критерийлер банктермен бірге пысықталуда. Мысалы, тұрғын үйдің құны 7 млн теңге тұрса, ай сайынғы төлем 50 мың теңгеден аспайды. Бұл жалпы алғанда, жұмыс істейтін қазақстандықтардың көпшілігі үшін қолайлы. Тұрғын үй құны өртүрлі болғандықтан, ірі

қалалар мен өңірлер бойынша баспана құнының өртүрлі саралануы да жоққа шығарылмайды, — деді ҰБ төрағасы.

Жалпы, жаңа бағдарлама бойынша алғашқы арзандау ипотека осы жылдың тамыз айында беріле бастайды деп жоспарлануда.

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев талқылау қорытындысы бойынша, наурыз айының соңына дейін ел Парламентіне ұсыну үшін барлық қажетті заңнамалық өзгерістерді әзірлеуді тапсырды.

Үкімет мүшелері әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу шараларын да қарайды. Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Арман Евниевтің мәліметінше, 2018 жылдың басынан бері осы азық-түлік тауарларының бағасы 0,7 пайызға өсті. Ең үлкен өсім Астана, Алматы, Ақтөбе, Тараз, Орал, Атырау және Павлодар қалаларында тіркелді.

«Жалпы алғанда, баға өсімі маусымдық сипатқа ие және ол сәуір кезіндегі шығындар мен ысыраптарға, көкөніс өнімдері қорларының төмендеуінен ұсыныстың азаюына, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнына тікелей әсер ететін тауарлар мен қызметтер құнының өсуіне және тасымалдауға кететін шығындарға байланысты», — деді А.Евниев.

Облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің мәліметіне сәйкес, тұрақтандыру қорларындағы азық-түлік тауарларының нақты көлемі 8 мың 136,7 тоннаны құрады, ал 14 мың 257,8 тонна азық-түлік тауарларын жаңартуға және жауапты сақтауға берілді. Тауар қорларының құрылымын қант (жалпы көлемнің 35,4%), картоп (24,4%), пияз (9,6%), сәбіз (5,8%), 1 сұрыпты үн (5,6%), қырыққабат (5,4%), өсімдік майы (5,2%), қарақұмық жармасы (3,5%) құрайды.

«Тұрақтандыру қорларын қалыптастыру үшін берілген 4 миллиард 423 млн теңге қаражат толықтыруға бағытталмай, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар шоттарында және банктердің депозиттерінде қаржы» деп ескертті бірінші вице-министр.

Астана қаласының әкімі Ә.Исекешев, Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев, Батыс Қазақстан облысының әкімі А.Көлгінов, Ақтөбе облысының әкімі Б.Сапарбаев, Алматы қаласының әкімі Б.Байбек, Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары С.Аманғалиев алғашқы қажеттілік өнімдері бойынша бағанын жай-күйі туралы баяндады.

Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев мәселені талқылауды тұжырым, азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін еске салды. Әкімдіктерге алдағы мереке күндерін ескере отырып, бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеу үшін бақылауды күшейтуді тапсырды.

Партия «Президенттің бес бастамасын» іске асыруды түсіндіруді бастады

«Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент академиясы Мемлекет басшысының жаңа әлеуметтік бастамаларын іске асыруды түсіндіруді ұйымдастыруға бағытталған бірінші семинарын өткізді.

Бейнебайланыс конференциясы форматында өткен шараға академия лекторлары, белсенділер, партияның аймақтық филиалдарынан және аймақтардан келген өзге де спикерлер қатысты. Сонымен бірге, шараға мемлекеттік орталық органдардың, Ұлттық банк, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері шақырылды. Олар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлеуметтік бастамаларын іске асыру жолдары мен тетіктері төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

Баяндамашылар, белсенділер мен партия атынан сөз алған спикерлер жиын барысында орталық атқарушы орындардан келген өкілдерге еліміздің тұрғындарын толғандырған сұрақтарды қойды.

Басқосуды партия хатшысы Тамара Дүйсенова үйлестіріп отырды. Жиын барысында ол «Президенттің бес әлеуметтік бастамасын» іске асыру аясындағы түсіндіру жұмыстары негізгі үш кезеңге бөлінгенін жеткізді.



Сонымен, бірінші кезең — 26 наурызға дейінгі аралықты қамтиды. Ақпараттық үгіт-насихат тобының өкілдері Елбасы Үндеуіндегі ұсыныстардан тұратын негізгі бағыттарды түсіндірумен шұғылданады. Осы кезеңде қызығушылық білдірген жактын, яғни азаматтардың әлеуметтік бастамаларды іске асыруға байланысты өзекті сауалдарына партиялықтар жауаптар дайындайды. Бұл үшін «Нұр Отан» партиясы жанындағы Саяси менеджмент

академиясының spm.nurotan.kz сайтында «Бес бастама» айдары ашылған.

— Бұл жерге қолға алынған жұмыстарды түсіндіруге арналған барлық ақпараттық материалдар орналастырылады. Соның негізінде «100 сұрақ — 100 жауап» методикалық материалдары жинақталады. Осы парақшала әркім тақырыпқа қатысты өз идеялары мен сауалдарын жазып қалдыра алады, — деп хабарлады партия хатшысы.

Екінші кезеңде Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, бес әлеуметтік бастаманы іске асыру мерзіміне байланысты нұротандықтар Үкімет әзірлейтін нормативті-құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысады. Одан соң, соның негізінде партиялықтар Президент бастамаларын іске асыру механизмдерін түсіндіру жұмыстарын бастайды.

Үшінші кезеңде Елбасы тапсырмасына сай орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы орындар еліміздің әр өңірі бойынша бес бастаманы іске асырудың сапа мониторингін жүргізеді.

— Осылайша, біздің міндетіміз біріншіден, Қазақстанның әрбір азаматына және отбасына жаңа мүмкіндіктер туралы ақпаратты толыққанды жеткізу. Халық Президенттің бес әлеуметтік бастамасы аясында жұртшылыққа сапалы әрі қолжетімді білім, баспана, өз кәсібін ашуға несие ала алатынын білуі тиіс. Сонымен бірге, шет аймақтардағы барлық тұрғындар аз жалақы алатын азаматтар үшін салық жеңілдігі жасалатындығын жеткізу керек. Екіншіден, партия еліміздегі жетекші саяси күші ретінде барлық жұмыстардың сапалы іске асырылуын және азаматтарға барлық мүмкіндіктер қарастырылғанын қадағалауы тиіс. Бұл Мемлекет басшысының тапсырмасы, — деп атап көрсетті партия хатшысы Тамара Дүйсенова.



Арнайы акция ұйымдастыруды ұсынды

«Нұр Отан» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қалмұханбет Қасымов азаматтарды жеке қабылдады.



Қабылдауға бейнебайланыс арқылы Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Костанай, Маңғыстау, Ақтөбе облыстары және Алматы, Астана қалаларынан жалпы 29 азамат жазылған. Олар, негізінен, Ішкі істер органдарына қайта қызметке тұру, қылмыстық істердің

дұрыс жүргізілмеуі және созбаланға салынуы, тергеушілердің іс-әрекеттеріне қатысты шағымданған.

Мәселен, Карам Ғасанов Қазақстан Республикасының азаматтығын ала алмай жүргенін айтты. Ол бүгінде Қырғыз Республикасының азаматы.

Шетел азаматтарының тұру куәліктері бар. Енді Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға құжаттарын өткізіп, тиісті орындардан кері жауап алған. Осыған қатысты Қалмұханбет Қасымов азаматқа сәуір айында екінші қайтара құжаттарын өткізе алатынын, сол бойынша мәселе қайта қаралатынын жеткізді.

Сол сияқты қабылдауға тұрақты тіркеуге тұру және Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, көші-қон визасын ұзарту мәселесі бойынша келген басқа да азаматтар болды. Аталған мәселенің елімізде өзекті болып отырғанына байланысты қандастарымыздың мүддесін күйтеп жүретін қоғам белсендісі Ауыт Мұхйбек те қабылдауға келді. Ол Көші-қон полициясы инспекторларын Ішкі істер министрлігінің академиясында кәсіби біліктілігін арттыру қажет деген ұсынсын айтты. Елімізде мұндай 3 академия

бар. Себебі, Ауыт Мұхйбек тұрақты тіркеуге тұру, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу бойынша әуре-сарсаңға түсіп, табан тоздырып жүрген қандастарымыз көп екенін айтты. Соның салдарынан кейбір отбасылар балаларына туу туралы куәлік ала алмай, мемлекеттен бөлінетін жәрдемақыдан құр қалып отыр. «Осыған орай, Ішкі істер, Әділет министрліктерімен бірлесіп, қазақ еліне қоныс тепкен азаматтарға көмек қолымызды созып, республика бойынша арнайы акция ұйымдастыруды қарастырайық» деп ұсыныс жасады Ауыт Мұхйбек.

Қабылдауға келген барлық азаматтардың шағымдары тыңдалып, кейбірінің өтініштері жазбаша түрде қабылданды. Сондай-ақ қолданыстары заңдар аясында кеңестер берілді.

Нұрай РАХЫМ

Ақпараттық топтың айтары көп

Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданына қарасты Жабағылы ауылында Жасдайынбасы дамудың жаңа мүмкіндіктері Жолдауын түсіндіру бойынша ауыл тұрғындарымен кездесу өтті.

Кездесуге «Нұр Отан» партиясы Түлкібас аудандық филиалының қызметкерлері, ақпараттық үгіт-насихат тобының мүшелері, Жабағылы ауылдық округінің әкімі мен ауыл тұрғындары қатысты.

Жиында «Нұр Отан» партиясы Түлкібас аудандық филиалының кеңесшісі, ақпараттық үгіт-насихат тобының жетекшісі Б.Қуанышбеков алғашқы сөзді алып, Жолдаудың мәтініне тоқталды.

— Мемлекет басшысы «Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді» деп басталатын Жолдаудың бірінші сөйлемінде-ақ әлем құрылысында үлкен өзгеріс орын алып жатқанын, қиын кезеңді айта отырып, оның алып келер сын-қатеріне дайын болуға үндеді.

Жолдауда индустрияландыру мен жаңа технологияларды енгізуде көшбасшы болу, «Ақылды технологиялар» — агроөнеркәсіптік кешенін қарқынды дамыту, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру сынды қадамдарды құрайтын Жолдау, қай бағытта жұмыс жасап, қай бағытта жетілу қажеттігін біле алмай дал болған елге шамшырақ болмас» деген жолдар бар, — деді Б. Қуанышбеков.

Ақпараттық топ мүшесі Сұлтан Қалдыбек «Ата-бабамыз Оксфорд пен Гарвард университеттерінде оқымаса да, осыншама алуан аймақты мұра етіп қалдыруға қабілеті жеткен. «Төртіпке бағынған құл болмас» деп төртіптің маңызы туралы айтқан. Бүгінде төртіп пен ұмтылыс бір бөлек, төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында, өмір — асқан ұқыптылық пен ептілікті талап етуде. Бұл тек Үкімет пен партияның алдына қойған тапсырма емес, орындалуы бүкіл халыққа жүктелген жауапты міндет» деп атап өтті.

Е.МҰРАТБЕК,
Оңтүстік Қазақстан облысы



Светлана БАЙТЕНОВА,
«Нұр Отан» партиясы Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық филиалының бірінші орынбасары:

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ЕЛІМІЗ

— Халқымыздың болашағын Елбасының мемлекеттік бағдарламалары айқындайды. Партия Төрағасы Қазақстанның стратегиялық максаттарын белгілеп қана қоймай, оларға қол жеткізудің мүмкіндіктерін де қарастырып келеді. Еліміздің табысты дамуының сенімді іргетасы халықтың бірлігі мен қоғамдық келісімі екені анық. Ендеше, Елбасымыз, партия Төрағасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жариялаған бес ауқымды әлеуметтік жобаларының маңызы зор дер едім. Ол — әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын жақсартуға, ел игілігіне арналған ұтымды бастамалар.

Бірінші бастама: «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру». Бағдарламаны жүзеге асыру тұрғын-үй құрылысына зор серпін береді. Нәтижесінде, мыңдаған қазақстандық үшін баспана алудың қолжетімділігі артады. Сонымен қатар бұл экономиканың, шағын және орта бизнестің дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына әкелетіні ақиқат. Көптеген азаматтың арманы ақиқатқа айналып, баспанаға қол жеткізуі жаңа табыстарға жетелер игі қалам.

Екінші бастама: «Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін алардың салық жүктемесін азайту». Бұл дегеніміз — салықты азайтудан шығатын қаржы жалақыны көтеруге жұмсалатындығы. Нәтижесінде, еліміздегі барша жалдамалы жұмыскерлердің кемінде үштен бірін, бұл 2 миллионнан астам адам, жалақысы жұмыс берушіге салмақ салмай-ақ көбейетін болады.

Үшінші бастама: «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту». Қазір жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлініп, 11 мың техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады. Мемлекет өз тарапынан Білім және ғылым министрлігі арқылы жатақхана құрылысына жұмсалған инвестициялардың белгілі бір бөлігі біртіндеп қайтарылуына кепілдік береді. 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салу тапсырылды. Бұл алдағы жылдарда туындайтын жатақхана тапшылығын біржола шешеді.

Төртінші бастама: «Шағын несие беруді көбейту». Бүгінгі таңда өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру ісі тиімді тетік саналады. Бұл бастаманың мыңдаған адамға өз ісін ашуға мүмкіндік беретіндігімен маңызды. Яғни, елдімекен тұрғындары, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту үшін маңызды қолдау.

Бесінші бастама: «Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру». Бұл жаңа өндіріс орындарын ашуға, экологияны жақсартуға

бағытталған бастама. Аталған жобаны іске асыру арқылы өңірлерді газландыру мәселесі қамтамасыз етілетініне сенімдіміз. «Нұр Отан» партиясы халқымыз үшін айрықша маңызы бар осы шаралардың тиімділігін орындалуын бақылауға алып, халық пен бизнес өкілдерінің арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын нәтижелі жүргізетін боламыз.

«Ынтымағы жарасқан елге бақ тұрар» дегендей, барлық ұлттардың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, қазақ тілін, мәдениет пен дәстүрді дамыту — біздің стратегиялық басымдығымыз. Біз әрдайым биік межелерді көздеп, максатымызға қол жеткізіп келдік. Сондықтан да жаңа оқу-білімге ұмтылу, еңбек ету және басқалардың еңбегін құрметтеу, өз денсаулығына дұрыстап қарау және дәйім өзін-өзі ұштап отыру әрбір азамат үшін өмірінің қалыпты қантасына айналуы керек. Біздің болашаққа ұмтылысымыз және жетіле түсуге ұдайы талпынысымыз — Қазақстанның одан әрі өркендеуінің аса маңызды шарты. Мемлекет басшысы белгілеген бес бастама ортақ игілікке қол жеткізу үшін, азаматтарымыздың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін болашаққа деген сенім.



Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қалалық мәслихатының депутаты,
саяси ғылымдардың докторы, «Нұр Отан» партиясының мүшесі:

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН

— Парламент пен Үкіметтің біріккен отырысында партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнап әлеуметтік маңызы зор бес бастамасын жария етті.

Бастамада Елбасы халқымыздың әлеуметтік-экономикалық мәселесіне ерекше тоқталды. 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жақсаруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» және биылғы жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауларында партия Төрағасы қоғамды дамытудағы басты фактор адам капитал екендігін қадап айтты. Елбасының осы жолғы бес бастамасын да сол Жолдаудың логикалық жалғасы деп қарастыруға болады. Әсіресе, қазақстандықтардың еңсесін көтеретін «7 — 20 — 25» бастамасы. Бұл халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуде ипотекалық несиені 7 пайызбен беру, бастапқы жарнаның 20 пайыздан аспауы, халықтың ай сайынғы төлемін төмендетіп, 25 жылға дейінгі мерзімге беру мәселесі көзделген, тиімді бағдарлама. Қазірдің өзінде елімізде жан басына шаққандағы шаршы метр жағынан біз Түркияны басып оздық.

Келесі кезектегі салық мәселесінде ең төменгі жалақы алатын адамдарға қолдау көрсету максатымен салықты 10 реттік көрсеткіште төмендетіп төлеу тиімді болып отыр. Бағдарлама 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асады. Бұл бастаманың да әлеуметке берер пайдасы өте көп.



Нұри ТҰМЫШЕВ,
«Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары:

ЖОБАЛАР ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСARTADЫ

— Елбасының Парламент палаталарының біріккен отырысында жариялаған бес әлеуметтік бастамасы халықтың көңіліне сенім ұялатты. Елбасы Үндеуінде халықтың тұрмыс деңгейін көтеру туралы ойдың көптен бері көкейінде жүргенін жеткізді. Сарапшылар мен қоғам қайраткерлері халықтың тұрмыс жағдайын жақсартатын шаралар қабылдау стратегиялық бастама болғандығын атап көрсетуде.

Елбасының әрбір отбасының баспаналы болуын, салықты азайту арқылы еңбекақыны көбейтуді, терең білім алу үшін жағдай жасауды, орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуды, халықты газбен толық қамтамасыз етуді көздеген әлеуметтік бастамалары — халық күткен жақсы жаңалықтар. Жайлы жатақханалар салу, білім гранттарын 20 мыңға дейін көбейту жастарымыздың тұрмыстық жағдайға алаңдамай оқуға ұмтылуына мүмкіндік береді. «7 — 20—25» бағдарламасы баспанасыз отбасыларға үлкен көмек екені анық. Салықты 10 есеге дейін азайту, шағын несиелердің жалпы сомасын 62 миллиард теңгеге жеткізу жөніндегі бастамаларды көп ұзамай жүзеге асыру жоспарланды.

Елбасы басқа аймақтарды газбен толық қамтамасыз ету жобасын ұсынды. Бүгінгі таңда Маңғыстау өңірі газбен 99 пайыз қамтылған. Енді жаңа жобаға сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде көгілдір отын қолжетімді болады.

Елбасының наурыз мерекелері қарсаңында жариялаған жаңа бастамаларынан халықтың үміті зор. Ел табысын еселеуге, тұрмысын жаңғыртуға бағытталған жобалар арқылы жаңа жұмыс орындары ашылады, шағын және орта бизнес дамиды. Елбасының бес әлеуметтік бастамасы халқымыздың заман ағымына сай лайықты өмір сүруіне мүмкіндік береді.



Думан ҒАЗЕВ,
«Нұр Отан» партиясы, Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары:

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ОРНЫН ТАПТЫ

— Бүгінгі күні баспана мәселесі өзектілігімен күн тәртібінде тұр. Сан алуан бағдарламалар мен жеңілдетілген несиедің жолдары барынша қарастырылса да, қоғамда тұрғын үй мәселесі бір жолға түспей келеді. Бұрынғырақ баспана мәселесі облыс орталығында анық сезілсе, соңғы уақыттарда ауданда, ірі ауылдарда да анық байқалады. Демографияның өсімі мен баспанаға орналасу деңгейі төнесе алмай, тұрғындардың пәтер іздеп, үй жағалап жүруіне әкеліп соғуда. Ауылдағы ағайынның арқасында баспана тауқыметі жеңілдесе де, қала тұрғындарына мәселе өзекті күйінде қалауда. Пәтер жалдап күн көрудің өзі — тиімсіз, тұрмыс деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады. Ай сайын пәтер иесіне төленетін пәтеракысына жаны ауырып, қиналатын сөзсіз. Ипотека арқылы баспана алса, белгілі уақыт аралығында өз атына аударып, жекеменшікке айналдыруға толық мүмкіндігі бар. Алайда пайыздық өсім мен алғашқы жарнаның көптігі тұрғындарға қиындық тудырып келеді.

Осы мәселеге Елбасы Н.Назарбаев толық көңіл бөліп, жиындар мен жиналыстарда көп айтылатын мәселені шешудің тиімді жолын ұсынды. Ұсынып қана қоймай, шешу жолдарын да атап көрсетті. Парламенттің бірлескен отырысында Елбасымыздың халыққа арналған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуінде айтылған әлеуметтік бастамалардың бірі «7 — 20 — 25» бағдарламасы аясында ипотекаға қол жеткізу — үй жалдап тұратындар үшін үлкен мүмкіндік.

Елбасының «7— 20 — 25» бағдарламасы әлеуметтік желілерде, ғаламтор ресурстарында қоғамның қызу талқысына түсті. Тұрғындар үшін бұл бағдарлама үміт оты секілді көрінді. Алғашқы жарнасының 10 пайызға кей жерлерде 30 пайызға түсуі, өсім 7 пайызға төмендетіліп, ипотека ақысын төлеу мерзімі 10 жылға ұзартылуы қоғамның үлкен қуанышына айналды. Сонымен қоса, екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік ұсынылып, банк филиалдарының санын көбейтуді тапсырды. Бағдарламаның тағы бір тиімді тұсы — аумақтың біркелкі орналасуына, жер үйлердің тиімсіздігінен құтылу. Қалалық жерлерде тұрғындардың жер алып, үй сала алмауы, зәулім-зәулім ғимараттар қасында жұптың үйлердің орналасуы аумақ ажарын бұзатыны жиі байқалады.

Бағдарлама жарық көргелі бері қоғамда серпіліс пайда болып, жұрт енді оның шешу жолдары мен бағдарламаның басталу уақытын асыға күтуде. Еліміздің демографиясының дамуы мен тұрмыс деңгейінің жақсаруы — еліміздің мұраты, нақты бағдары екені белгілі.

ТАЛҚЫ

ЖАҢА БАСТАМА – ЖАҢА ЖОБА

Қарағанды облысында студенттік жатақханалардың өткір тапшылығы байқалады. Бұл мәселені шешу жолдарына облыс әкімі Ерлан Қошанов «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуін талқылаған активте тоқталды.

Елбасы ұсынған «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» бастамасы — қосымша гранттар бөліп, студенттерді жатақханаларда жатын орнымен қамтамасыз етуді қарастырады.

— Біздің облыста күндізгі бөлімде оқитын 25 мың студенттің 13 мыңнан астамы мемлекеттік білім гранты бойынша оқуда. Бүгінгі таңда Елбасының арқасында олардың саны 35-40 пайызға көбейді. Аталмыш шара орта мектеп түлектерін жоғары біліммен қамтуды ұлғайтуға септігін тигізеді. Бұл ретте негізгі басымдық техникалық мамандықтарға беріледі, ол біз секілді өнеркәсіптің аймақ үшін өте өзекті болып отыр, — деді Ерлан Қошанов.

Гранттарды үлестіру үшін облыс әкімі қысқа мерзім ішінде аймағымыздың қандай білікті кадрларға мұқтаж екенін анықтауды тапсырды. Сонымен қатар студенттерді жатын орындармен қамтамасыз ету қажет.

— Бүгінгі таңда жатақхана тапшылығы мәселесі өте өзекті екенін мойындауымыз керек. Қазіргі уақытта облыстағы жастарымыздың 52 пайызы жатын орынға мұқтаж. Соңғы рет жатақхана 5 жыл бұрын салынған. Колледж студенттерін 2022 жылға дейін 100 пайыз жатын орындармен қамтамасыз ету мәселесін МЖС механизмі арқылы шешіп жатқан болсақ, ЖОО-ға қатысты алда



әлі күрделі және ауқымды жұмыс атқару керек деп атап өтті аймақ басшысы.

Ерлан Қошанов ЖОО ректорларына жақын уақытта жобалық-сметалық құжаттармен айналысып, инвесторларды іздестіруге кірісуді ұсынды. Бұл мәселе ерекше бақылауға алынады деп атап айтты облыс әкімі.

Президенттің жаңа бастамалары кәсіпкерлерге бизнесін жүргізуді жеңілдетеді. Қарағанды облысында жүзеге асырылған стартап-жобалардың саны екі есеге ұлғаяуы мүмкін.

— 2017 жылы жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың бірінші жылында облысымызда ісін жаңа бастап келе жатқан 827 кәсіпкер 4,5 млрд теңге сомаға шағын несие алды. Бұл оларға ауыл шаруашылығында және өңдеу өндірісінде жана кәсіпорындар ашуға, сондай-ақ 700-ден астам жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді, — деді Ерлан Қошанов.

Елбасының «Шағын несие беруді көбейту» бастамасына тоқтала келе бөлінген қаражат барлық ниет білдірушілерге жеңіл-

детілген несие алуға жеткіліксіз екендігін айтты.

— Тек «Бастау бизнес» жобасы бойынша ғана 1313 оқудан өткен кәсіпкерлердің 956-ы қаржылық ресурстардың жеткіліксіздігінен шағын несие ала алмай қалды. Бұл мәселені біле отыра, Елбасы биыл бұл бағдарлама бойынша қосымша 20 млрд теңге бөледі тапсырды. Бұл — жүзеге асырылатын стартап-жобалардың саны екі есеге артады дегенді білдіреді. Сондай-ақ кәсіпкерлерге өзін және өз отбасын жұмыспен және табыспен қамтамасыз етуге, қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді, әсіресе, ауыл тұрғындарына көмегін тигізеді, — деді аймақ басшысы.

Ерлан Қошанов ауылдық жерлерде жана инвестициялық жобаларды іздестіру бойынша жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

Елбасының елімізді әрі қарай газбен қамтуын жалғастыру бастамасы Қарағанды облысының тұрғындары үшін де үлкен маңызға ие. Көгілдір отынды облысымыз-

дың 6 ірі қаласы мен 120 ауылдық елдімекендері алады.

Елбасы Қараөзек — Жезқазған — Қарағанды — Теміртау — Астана арқылы магистралдық газ құбырын салу бойынша жобаны жүзеге асыруды тапсырды. Оның басты мақсаты — Қарашығанақ, Теніз, Қашаған батыс кен орындары есебінен облыстағы елдімекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету және еліміздің бірыңғай газ тарату жүйесін кезек-кезеңмен дамыту. — Біз барынша ауқымды түрде экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерді сезінетін боламыз. Газ құбыры трассасының Астанаға дейінгі ұзындығы 1100 шақырымнан асады, оның 80 пайызы біздің облыстың аумағы арқылы өтеді — ол 820 шақырым. Халықты қамту көрсеткіші шамамен 1 млн адамды құрайтын болады. Ойланым қарасақ, ол облыс тұрғындарының 70 пайызы. Жоба шеңберінде Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Сәтбаев, Саран және Шахтинск секілді облысымыздың ірі қалалары, сондай-ақ Абай, Жаңаарқа, Бұқар жырау, Осакаров, Шет, Ұлытау аудандарының 120 елдімекені газбен қамтылады, — деді Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар отынның бағасы төмендеуі есебінен аймағымыздың өнеркәсібі жаңа екпінге ие болады деп атап өтті облыс әкімі. «Көгілдір отынға ауысу экологияны да жақсартуға маңызды көрсеткіш» деді аймақ басшысы.

Ерлан Қошанов газ құбырын салуға арналған жер телімдерін бөледі уақытты жүзеге асыруды тапсырды. Сонымен қатар облыста елдімекендер мен әлеуметтік мәдени нысандарды да газбен қамту бойынша жобалар жасала бастайды.

Актив жиналысына мемлекеттік қызметкерлер, қоғамдық өкілдер, өнеркәсіптік өндірістердің жетекшілері, ардагерлер қатысты.

Ләззат ҚОЖАХМЕТОВА,
Қарағанды облысы

БАСҚОСУ

Текелі қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақстандықтарға арнаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуіндегі ауқымды міндеттерді саралауға арналған қалалық актив жиналысы өтті.

БЕС ҰСЫНЫС БАРЫНША САРАЛАНДЫ

Жиналысқа «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев, кеншілер шаһарындағы мекеме, кәсіпорын басшылары, ардагерлер, қалалық мәслихат депутаттары, саяси партиялар, этномәдени орталықтар, үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты.

Текелі қаласының әкімі Бақтияр Өнербаев елді елен еткізген Үндеудегі негізгі міндеттерді іске асыру туралы баяндама жасады. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру бойынша халыққа тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету жолында қолға алынатын қадамдарға тоқталып, Текеліде «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бой көтерген жалдамалы 80 пәтерлі үйдің кілті кезекте тұрған аз қамтылған отбасыларға Наурыз мейрамында тапсырылатынын атап өтті.

Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекқисын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие беруді көбейту, елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру бастамалары жайында таратып айта келе, тиісті мекеме басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

«Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғ.Сарыбаев Елбасының барлық Жолдаулары мен Үндеулерінде

айтылған айқын бағдарлар мен бастамалар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мен Қазақстанды бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосуды көздейтінін алға тартып, Президенттің бес әлеуметтік бастамасының негізгі алғышарттары уақтылы жарияланғанын, қажеттілікке жауап беретіндігін, көпдеңгейлілігі мен нақтылығын айрықша атап өтті. Жаңа технологияларды, ғылыми жаңалықтарды оңтайлы пайдалану арқылы қарыштап дамыған елдердің өмір сүру сапты туралы нақты мысалдар келтіріп, пилоттық жоба ретінде биыл Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Талдықорған қалалары «Ақылды қала» атауына қалам жасайтынын жеткізді.

Жиын барысында «Қазақстан Халық банкі» АҚ Текелі қалалық басқармасының директоры Рамиль Атапов, №8 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Любовь Федотова, Текелі кәсіптік колледжінің директоры Дәубәлат Нұсіпов, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Текелі қалалық филиалының директоры Тұрысбек Жұмаділов және «Текелі сүт зауыты» ЖШС директоры Геннадий Савинов сөз алып, өздері жетекшілік ететін салалардағы жағымды жаңалықтармен, әлеуметтік қолдаулармен бөлісіп, Елбасының бес бастамасы жана белестерге бастайтыны жайлы ойларын ортаға салды.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

ПІКІР



Князь МИРЗОВЕВ,
«Барбан» күрд ассоциациясының төрағасы:

— Мемлекет басшысы еліміздің біртұтас мемлекет екенін үнемі тілге тиек етеді. Мұнысы бекер емес. Қазақстан — жүзден астам этнос өкіліне пана болған, діні мен діліне, салты мен дәстүріне, әдет-ғұрпы мен әдебіне үлкен құрметпен қарап, бейбітшілік пен берекеді өмір сүруіне мүмкіндік жасап отырған көпұлтты мемлекет.

«Барбан» өз тілімізден тікелей тәржімалағанда «тансәрі» деген мағына береді. Тіріліктің дәл осы мезеті, яғни күн ұясынан шығып, айналаға шауағын шашатын, я болмаса табиғат ана ұйқысынан оянып, күйбегі тірліктегі пендесін жаңа күннің үмітін сыйлайтын сәті ғажап шіркін. Біздің жас мемлекет бүгінде осындай жаңару мен жаңданудың жаңа кезеңіне бастап кетті. Ғылым мен білім саласын, руханият пен мәдениет құндылықтарын, әлеумет пен әлеуеттік жүйені дамытудың даңғыл жолына түстік. Елімізде іскер әрі әлеуметтік белсенді күрделі қатары күн санап көбейіп келеді. Олар қазақстандықтармен бірлесіп отырып, Мемлекет басшысы нақтылап берген тапсырмаларды тиісті деңгейде орындап, жаңа жобаларын жүйелі түрде жүзеге асыру үшін бар күшін салмақ. Этномәдени бірлестік ретінде де бұл міндеттің мол-маңызын айқын түсінеміз.

Елбасының халыққа арнаған Үндеуін тыңдай отырып, әлеуетімізді арттыруға бағытталған бес әлеуметтік бастама Қазақстан Халқы ассамблеясы үшін де аса маңызды екенін аңғардым. Әсіресе, білім беру саласының өкілі ретінде жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсартуға бағдарланған үшінші басымдықты ерекше атап өткім келеді. Өйткені өскелең ұрпақ — біздің болашағымыз. Әрі жоспарланған барлық мемлекеттік реформаларды жүзеге асырушылар да осы жас буын.

Еліміздің басшысы атап өткен бес басымдықтың барлығы да тактикалық тұрғыда ұтымды ұсынылған бастама ғана емес, ол — әр бағыты ұлт пен ұлыстың мүддесін көздеп отырған салмақты да сапалы, ғаламдық бағдарлама. Өйткені бес бағыттың әрқайсысы ел тұрғындарының тұрмыс деңгейін көтеруге бағытталған. Тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету, салық төлемін төмендету, сапалы білім беру, шағын несие алу мүмкіндігін арттыру және елімізде көгілдір отын орнату жүйесін жетілдіру сынды әлеуеттің әлеуметтік маңызы басым бағыттарын қамтитын бағдарламаның мемлекетіміздің даму жолында атқарар жұмысы мен қосатын үлесі зор. Президент үндеген әлеуметтік бағдарлама әлеуеттің кем дегенде жартысынан көбін қамтитын болады. Басшысымыз бұл ұсыныстарын Парламент палаталарының бірлескен отырысында тікелей эфирден үндегені де бекер емес. Елбасының бес әлеуметтік бастамасы күн тәртібіндегі үзакмерзімді әрі толыққанды бағдарламаларды түйықтап отырғандай. Өйткені Президент мемлекеттік саясаттың әрбір тұсын реттеуге, яки жетілдіруге бағытталған әдіс-тәсілдердің тетігін тұрапал берді. Мәселен, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, былтырғы конституциялық реформа және тағысын тағылар.

Көпұлтты мемлекетімізде әртүрлі ұлт пен ұлыстың мәдениеті мен дәстүрін сақтауға бағытталған түрлі шаралар атқарылууда. Бұл мәселе еш уақытта Елбасы назарынан тыс қалған емес. Өйткені Мемлекет басшысының бірінші кезекте мән беретіні, көп ұайымы мен арманы — қарапайым халықтың тұрмысын жайыландыру. Сондықтан да, ел тұрғындары, оның ішінде өзге ұлт өкілдері де бар, еліміздің басшысын құрметтейді, сенім артады, сыйлайды. Француз философы Паскаль «Өткен мен бүгін — біздің әдіс-амалымыз, тек болашақ — біздің мақсат» деген екен. Сөзінің жаны бар.

Владимир ШИХОТОВ,
Жетісу қазақтары одағының төрағасы:

— Ел егемендігін алған кезден бері еліміздің бүгінге дейінгі жеткен жетістігінде Мемлекет басшысы нақтылап берген ұлттық және институттық бағдарламалардың басымдығы зор десек, Қазақстан Халқы ассамблеясы Президентіміздің осындай барлық бастамаларына үлкен қолдау білдіріп келеді. Достық пен қоғамдық келісімнің барлық мән-мақсатын жарғысына жүктеп алған бірегей институтын құрылғаны үшін де Елбасына қарыздармыз.

Мемлекет басшысының Парламент палаталарының бірлескен отырысында ұсынған әлеуметтік тапсырмалар жөніндегі Үндеуі де баяғы қалпынша үлкен бағдарламаның ауыртпалығын арқапал отыр. Елбасы нақтылап берген бес бастама — тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету, жалақысы төмен жұмысшылар

үшін салық төлемін төмендету, білім беру саласының өкілі ретінде жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие алу мүмкіндігін арттыру және елімізде көгілдір отын орнату жүйесін жетілдіру арқылы дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру мүмкіндігі арта түспек. Басшымыз басымдық берген басты бағыттар біз үшін, яғни ел тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға бар күшін салуға ниетті қарапайым халық, жұмысшылар мен экономиканың негізгі сала өкілдеріне арналған нұсқаулық деуге толық негіз бар.

Шағын жас орта бизнес өкілі ретінде шағын несие беруді көбейту мәселесін көздейтін төртінші бастамаға ерекше тоқталғым келеді. Бұл — кәсіпкерлік саласындағы қызметімізді кеңейтуге мол мүмкіндік бермек. Елбасының 2018 жылы қосымша 20 миллиард теңге бөліп, шағын несиелердің жалпы сомасын 62 миллиард теңгеге жеткізу жөніндегі тапсырмасы бізді ерекше шабыттандырды.

Нұрсұлтан Әбішұлының жаңа әлеуметтік бастамалары әлеуеттің тұрмыс деңгейін арттырып, қоғамдық бірегейлікті нығайтуға бағытталып отыр. Бұл жоспарлы басымдықтардың шынайы өмірде толыққанды жүзеге асатынына сенімім мол және осы тапсырмаларды орындауда жұмыс істеуге әрдайым дайынбыз.



Асен ЖАҚСЫБЫЛОВ,
«Гормалов» ЖШС директоры:

— Дүниежүзінде ғаламдық жаңару мен жаңданудың қарқыны күшті. Осындай заманауи қарбалаз жағдайында, әрі әлемдік саяси тұрақсыздық кезеңінде Елбасы ұсынған бес әлеуметтік бастама әлеуеттің барлық тобына тосыннан үміт сыйлап, әрі қолдау, әрі қамқорлық көрсеткендей болды. Өз басым қалыптасқан, тұрақтылығы бекем және қарқынды дамуың даңғыл жолына түскен мемлекетте өмір сүретіндімізді мақтан тұтамын. Біздің елде кәсіпкерлікті қолдауға көп жағдай жасалған. Бизнесіміз қолдау ісі бұл жолы да басшымыздың назарынан тыс қалған жоқ. Төртінші әлеуметтік бастама — шағын несие беруді көбейту мәселесін көздеп отыр. Расында, өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тәсіл саналады. Кәсіпкерліктің барлық деңгейлі саласы ел тұрғындарын мейлінше жұмыспен қамтуға және тұрмыс жағдайын жақсартуға қауқарлы. Бұл өз кезегінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қарқынды дамуы үшін аса маңызды әлеуеттің райын жетілдіруді қамтамасыз етпек. Осы мақсаттарға тек бизнес орта мен мемлекеттің күшін біріктіру арқылы жете алмақпыз. Бүгінде елімізде кәсіп қыламын дейтіндер үшін көп жағдай жасалған. Ендігі кезекте, қазіргі жағдайдың талаптарын ескеріп, тәртіптерін менгерген жеке кәсіпкерлік бастамаларды толыққанды ашып беруге күш жұмсауымыз қажет. Осы тұста барлық кәсіпкерлер мен ел тұрғындарын еліміздің дамуы мен мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылуына белсенді түрде қатысуға шақырамын.

Бастама — шағын несие беруді көбейту мәселесін көздеп отыр. Расында, өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тәсіл саналады. Кәсіпкерліктің барлық деңгейлі саласы ел тұрғындарын мейлінше жұмыспен қамтуға және тұрмыс жағдайын жақсартуға қауқарлы. Бұл өз кезегінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қарқынды дамуы үшін аса маңызды әлеуеттің райын жетілдіруді қамтамасыз етпек. Осы мақсаттарға тек бизнес орта мен мемлекеттің күшін біріктіру арқылы жете алмақпыз. Бүгінде елімізде кәсіп қыламын дейтіндер үшін көп жағдай жасалған. Ендігі кезекте, қазіргі жағдайдың талаптарын ескеріп, тәртіптерін менгерген жеке кәсіпкерлік бастамаларды толыққанды ашып беруге күш жұмсауымыз қажет. Осы тұста барлық кәсіпкерлер мен ел тұрғындарын еліміздің дамуы мен мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылуына белсенді түрде қатысуға шақырамын.



Артуш КАРАПЕТИАН,
«Наири» армян орталықтары ассоциациясының төрағасы:

— Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы ел тұрғындарының әлеуетін арттыруға бағытталған бес әлеуметтік бастамасын тілге тиек етті. Атап айтсақ, тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету, жалақысы төмен жұмысшылар үшін салық төлемін төмендету, білім беру саласының өкілі ретінде жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие алу мүмкіндігін арттыру және елімізде көгілдір отын орнату жүйесін жетілдіру мәселелеріне маңыз берілді. Расында, Елбасының ерекше атап өткен осы мәселелері — әлеуметтік саланың күн тәртібінен түспей тұрған негізгі тақырыбы. Әсіресе, елімізді, соның ішінде орталық және солтүстік аймақтарды газбен қамтамасыз етуді жалғастыру жөнінде сөз қозғалған бесінші бастаманың әлеуеті үшін маңызды зор, қажеттілігі орасан. Президент Қызылорда облысынан бастап Жезқазған — Қарағанды — Теміртау — Астана бағытында, әрі қарай Астанаға дейінгі магистральді газ құбырын салу жобасын жүзеге асыруды тапсырды.

Адамзат кезек күттірмейтін экологиялық мәселелерді шешуді мақсатты түрде дұрыстап қолға алу қажет. Өкінішке қарай, бүгінде Табиғат Анамы таза ұстау, зиянды қалдықтардан

құтқару және қайта қалпына келтіру үшін жасалып жатқан іс-шаралардың қатары аз, қарқыны бәсең, Меніңше, елімізді көгілдір отынмен жүйелі түрде жедел қамтамасыз ету арқылы тек тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартып қана қоймай, экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік алатындаймыз.

Мемлекет басшысының еліміздің жарқын болашағын құруға бағытталған үзакмерзімді жоспарлар мен тапсырмаларының арқасында Қазақстан өзінің 27 жылдық тарихында қарқынды дамушы мемлекетке айналып отыр. Елордамызда 200-ден астам мемлекет өкілдерін жинаған Астана EXPO — 2017 халықаралық көрмесін өткізудің өзі — осы сөзімізге айқын дәлел.

Әрине, Елбасы нақтылап берген тапсырмаларды тиісінше орындап, тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін халықтың біртұтастығы мен бейбіт келісімге келе білуі аса маңызды. Сондықтан әрқайсысымыз еліміздің дамуына өз үлесімізді қосып, дүниенің кетігін тауып, бір кірпіші болып қалануымыз қажет.



Сергей ОГАЙ,
Қазақстан кәрістері ассоциациясының төрағасы:

— Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында ел тұрғындарына азаматтардың әлеуетін арттыруға бағытталған бес әлеуметтік бастамасын ұсынып, Үндеуін жолдады. Президент сөз басында халқымыздың біртұтастығы мен бірлігінің әрі мемлекетіміздің сындарлы саясатының арқасында қазақстандықтар барлық сын-қатерлерден сүрінбей өткенін ерекше атап өтті. Елбасы еліміздің төрт аймағында қазақ халқына деген ризашылықтың белгісі іспеттес монументтердің бой көтергенін тілге тиек етіп, мұндай ескерткіштер түрлі этнос өкілдерінің киелі қазақ жері мен қасиетті қазақ ұлтының айтқан алғысы ретінде қойылғанын айтты. Өйткені көңілі кен, пейілі дарқан қазақ халқы пана сұрап келген әрбір ұлт өкілдеріне қамқорлық танытып, қанатының астына алды. «Біз елдің бірлігі мен мемлекеттің сындарлы саясатының арқасында барлық сынақтардан абыроймен өттік. Ел иесі қазақ халқының маңына ұйысқан барша этностар оны жоғары бағалайды. Бүгінде Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында «Қазақ еліне мын алғыс» атты монументтер бой көтерген. Бұл ескерткіштерді еліміздегі түрлі этностық топтар бастарына күн туған кезде бауырына басқан қазақтың жері мен еліне алғыс ретінде өз бастамаларымен тұрғызды. Қазақ халқы да оларға ұлттық тарихымызға көрсеткен зор құрметі үшін алғысын білдіреді. Осындай өзара құрмет пен сенім мығымзас ел бірлігіне негіз болады, ізгі шаралар халқымыздың мен пейілі мен дарқан көңілінің айқын көрінісіне айналууда» деді Елбасы.

Еліміздегі алғашқы монумент жер жүзінің түкпір-түкпірінен жиналған корей этносының атынан қазақ халқына білдірген алғысы ретінде салынды. Кәрістер ассоциациясының бастамасымен 2012 жылы Үштөбе қаласындағы Бастөбе тауында бой көтерген монументтің астарында терен тарих жатыр. Киелі қазақ даласының дәл осы мекеніне шалғай шығыстан көшкен кәрістер келіп қонысталады. Біздің ассоциацияның жетекшілігімен мұндай монументтер еліміздің Орал және Атырау қалаларында бой көтерді.

Үндеуде «Жассылықты жалдында саятй білген елдің рухы қашан да биік. Заманауи Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әрбір отандасымыз өз үлесін қосты. Мен этно-мәдени бірлестіктерге де айрықша ризашылық білдіремін. Біз, бәріміз бірге өте күрделі, қиы замандардан өттік. Тәуелсіздіктің ең тағдыршешті сәттерінде мені әрдайым қолдаған халқыма да алғыс айтамын. Өткен сайлаулардың бәрінде халқымыз мені бірауыздан қолдап, сайлады. Мен үшін ең үлкен марапат — осы. Еліміздің қолдауы маған жұмыс барысында зор күш-жігер берді» деп атап өтті. Осылайша, еліне үлкен сенім артатын Елбасы ендігі кезекте талайдан бері көкейіле жүрген бастамаларды бастап берді. Мемлекет басшысы қазіргі кезеге «біздің қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайту үшін жігерімізді жанып, нақты іске кірісетін сәт» деген баға беріп, осы уақытта ауқымды әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруымыз қажеттігіне маңыз берді. Енді мемлекет әлеуеттің әлеуетін арттыруға бағытталған түбегейлі шараларды қолға алады. Атап айтсақ, тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету, жалақысы төмен жұмысшылар үшін салық төлемін төмендету, білім беру саласының өкілі ретінде жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие алу мүмкіндігін арттыру және елімізде көгілдір отын орнату жүйесін жетілдіру мәселелеріне маңыз берілді. Корейлер ассоциациясының мүшелері бұл бастамалардың өзектілігі мен уақтылы қолға алынғанын ерекше атап өтуде. Президентіміздің бес бастамасы бүгінгі күн тәртібіндегі әлеуметтік маңызды мәселелерді кешенді шешуге мүмкіндік бермек. Өйткені, бұл Үндеудің мазмұны нақты қадамдарды қамтып отыр.

— Осыдан бір мүшел жыл бұрын, яғни 2005 жылы ағынан жарылып өңгіме-дүкен құрған екенбіз. Ол сұхбат «Айқын» газетінде жарық көрген. Кейін «Ағынан жарылсақ...» деген жинаққа енді. Сол кезде сіз «Қазақстан — ZAMAN» газетінің бас редакторы болған екенсіз. Қазір «Президент және халық» басылымын басқарып отырсыз. Бұл газеттің ашылуына не түрткі болды?

— Иә, одан бері де ағылып айлар, жыл-жып жылдар өтіпті. Бір мүшел уақыт та адам үшін аз емес. Саналы ғұмырды шартты түрде екі мүшелден бастасaq, үш мүшел адам өзін табуымен, азамат ретінде қалыптасумен кетеді. Бала-шағасына жағдай жасауға ұмтылады. Төртінші және бесінші мүшел — қоғам үшін пайдалы еңбек ететін, жас буынға өнеге көрсететін кезі. Сіз сұхбат алған менің бесінші мүшелдегі кезім екен. Дәлірек айтқанда, 56 жаста болыппын. Тура сол 2005 жылы халықаралық «Қазақстан — ZAMAN» газетінен ауысып, «Президент және халық» газетінің жобасын қолға алдық. Қазақ-түрік достығының жалауындай болған «Қазақстан — ZAMAN» газетін үш жылдан астам уақыт басқардым. Ең бір дағдарысты кезінде басылымның аяғына қайтадан нық тұруына қызмет еттік. Жана ұжым қалыптастырдық. Журналист кадрлар тапшы кез-ғой. Әдебиетке жақындығы бар, бұрын мектепте мұғалім болып істеген Төреғали Төшен, Жанбақыт Борантаев, Абай Маукара сияқты талантты жігіттерді тарттық. Ұлан Еркінбек, Ринат Кертасев, т.б. жастарға білгенімізді үйреттік. Бекер обалы не керек, басылымға түрік жағынан басшылық еткен Еркін Деміржі,

Өкінішке қарай, Қазақстан журналистикасы бүгінде үш топқа жіктеліп тұр. Ол — қазақтілді журналистика, орыстілді журналистика, аралас тілді журналистика. Қазақ тілді журналистика Қазақстанда ұлттық мемлекет құру мен нығайту бағытын ұстанса, орыстілді журналистика Қазақстанда азаматтық қоғам артықшылықтарын пайдаланатын азаматтық мемлекет құру арманын айналсоқтайды. Қазақстандағы орыстілді азаматтық мемлекет олар үшін «коммунизм» сияқты. Елімізде украин, поляк, неміс, кәріс, ұйғыр, түрік, дүнген сияқты аралас тілдерде шығатын газеттер негізінен, Қазақстан халқы ассамблеясының қазақстандық бұртұтас ұлт құру бағытын ұстанады. Бұл ресми түрде солай болып көрінгенімен, іс жүзінде бұл басылымдар әр диаспораның өмірін көрсетуге ұмтылады.

Сонымен, біз бір мемлекет ішінде біртұтас көрінгенімізбен, шыңуайтында бітіспес үш түрлі идеологиялық бағыт бар екендігін көріп отырмыз. Бұл қолайсыздықтан қалай шығуға болады? Бұл үшін қолдан жасалған саяси ұстанымдарды «шешіп» тастап, шынайы табиғи бағытқа көшу қажет. Бірқатар ресми құжаттарда қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту жөнінде айтылып келеді. Бұл — өте жақсы идея. Алайда бірегейлік пен бірлік тек мемлекеттік тіл негізінде қалыптасса ғана. Ал патша отаршылдығымен бірге келген орыс тілінің негізіндегі бірегейлік маған ұнамайды және

Марат ТОҚАШБАЕВ, «Президент және халық» газетінің бас редакторы, профессор:

ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ — ҰЛЫ ҰСТАНЫМ

Ахмет Аляз сияқты бауырларымызбен тіл табысып, олар да кез келген бастамамызға қолдау білдіріп отырды.

2005 жылы жаз ортасында жылдың соңына таман Президент сайлауы өтетіні белгілі болды. Осындай саяси науқан тұсында ел мен Елбасы арасына дөңкер болатын басылым қажеттігі туралы ұсыныстар айтылды. Қазақстанда 100-ден астам ұлттың өкілі тұрады дегенмен республика халқының үштен екі бөлігін құрайтын, мемлекет құраушы қазақ халқының рөлін ешкім теріске шығара алмайды. Яғни, басылым тек мемлекеттік тілде ғана болуға тиіс. Ұсыныс ұнады да дереу қолға алдық. Президент Әкімшілігі тарапынан да қолдау жасалды. Энергетикалық мекемелердің көмегімен «Астана Медиа Пресс» ЖШС құрылып, көп ұзамай, республикалық қоғамдық-саяси «Президент және халық» газеті тіркелді. 2005 жылы 27 тамызда алғашқы саны шықты.

Басылымға жолдаған құттықтауында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев газет өзінің атына лайық билік пен халықтың арасында берік дөңкер болатын, Президенттің сөзін, ой-мақсатын халыққа, ал Халықтың тілегін, мұрат-мүдесін Президентке жеткізіп тұратын қуатты баспасөз құралына айналатындығына сенім білдірді. «Мен сіздердің газеттеріңіз әрдайым айтса — ақиқатты айтады. Жазса — тек шындықты жазды, қоғамдық құбылыстарға ұдайы әділ бағасын береді әрі мұны өз қызметінің қатаң қағидалына айналырады деген үмітімнен», — деп жазды құттықтауында Елбасы.

Атап өтетін жайт, газет партиялық ұстанымдардан ала, шынайы халықтық басылым болуға ұмтылды. Газет жеке тұлғаларды асырамақтау, мадақтау сияқты теріс құбылыстарға ауес болған жоқ. Шын мәнінде, мемлекетшілдік, ұлтшылдық (нацистік емес), әлеуметтік әділеттілік тақырыптары көтерілді. Ел мен Елбасы арасына дөңкер болуға ұмтылды. «Президент және халық» газеті солай өмірге келген.

— **Журналистік жолыңызды «Жетісу» газетінен бастап, «Білім және еңбек», «Халық кеңесі», «Заң газеті», «Қазақстан — ZAMAN» басылымдары мен «Қазақстан» телеарнасында басшылық қызметтер атқардыңыз. Қарап отырсақ, бұл — үлкен өмір мектебі. Енді, өз мамандығының жілігін шағып, майын ішкен маман ретінде қазақ журналистикасының бүгіні мен ертеңі туралы не айтар едіңіз?**

— Әр журналистің өмір жолында оның шығармашылығына шешуші әсер еткен басылым не телеарна болады. Менің де өмірімде 1982 жылдан бастап қызмет істеген республикалық ғылыми-көпшілік «Білім және еңбек» журналы айрықша орын алады. Өйткені басылымға тап осы кезде Ақселеу Сейдімбек бас редакторлыққа келген. Сол кезде редакцияға Советқазы Ақатаев, Мақаш Тәтімов, Марат Сенбин, Мұрат Өуезов сияқты халқымыздың көрнекті зиялы қауым өкілдері жиі келіп пікірлесіп жататын. Солармен араласу, материалдарын журнал өндірісіне әзірлеу барысында олардың бойындағы ұлтшыл көзқарас бірінден маған да ауысты. Кез келген мәселеге ұлттық көзқарас бүгінге дейін мен үшін бәрінен маңызды. Қазақ журналистикасының бүгінгі мен ертеңі туралы сұраққа да тура осы тұрғыдан жауап бере аламын.

оны қазақ халқы да қаламайды. Сөз арасында айта кетейін, Қазақстан Конституциясында, «Қазақстанның тілдер туралы» заңында орыс тілінің мәртебесі айқындалмаған, тек аталған заңның 5-бабында ғана «орыс тілінің қолданылуы» жөнінде айтылады. Жалпақшешейлік негізіндегі үш бөлек идеология елімізді географиялық тұрғыдан бөлшектемі тұрғанда біз мемлекеттік тілдің және мемлекет құраушы қазақ халқының айналасына топтасатындай шынайы әрі табиғи идеологияға көшуіміз қажет.

Ғылымда этникалық бірегейлік ғымын ешкім теріске шығарған емес. Қазақстандағы орыс диаспорасы көрші Ресей тұрғанда

Қазақ журналистикасы бүгінде жалтақ. Ішкі цензурасы басым. Деңгейі — «пресс-релиздік». Бұл, ең алдымен телеарналарға қатысты. Жұртты мезгі еткен арзан ойын-сауық бағдарламалары шаш етекпен. Қазақ журналистикасы қоғамдық оқиғалардың соңында салпақтамауға тиіс. Бүгінгі таңда көркем әдебиет қоғамды ізгілік нұрымен шуақтандырып, гуманистік бағытта тәрбиелесе, ал публицистика қоғамды алға сүйрейді. Кемшін тұстарын көрсетіп, тек қоғамды ғана емес, тұтастай мемлекеттің бағыт-бағдарына тура жолды нұсқайды. Қазақ журналистикасының мойнында қазақ халқының тағдыры тұр. Сондықтан қазақ журналистеріне білім, біліктілік, ұлтшылдық, патриотизм қажет.

өзінің этникалық, тілдік бірегейлігін сақтап қалады. Еліміздегі мемлекет құраушы қазақ халқы тұтастай тағы орыс болып кетпейді. Біреулер қаласа да, қаламаса да ол да өзінің этникалық, тілдік бірегейлігін насырлан-ғасырларға жалғастырады. Ұлттық саясат — қазақстандық бірегейлік пен бірлікті орыс диаспорасының тілі айналасында емес, көрші Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Қырғызстан елдеріндегідей өзіміздегі мемлекет құраушы ұлт пен оның тілі төңірегінде қалыптасуы керек. Ойдан шығарылған жасанды идеологиялық бағыт ора жағыады. Осы тұрғыдан алғанда елімізде қазақ журналистикасы үстем болғаны орынды. Ол үшін ұлттық мемлекетшілдік идеясы, қазақ халқының Қазақстанда тұрып жатқан түрлі диаспоралардың тағдыры үшін жауапты екендігі, диаспоралық топтардың қазақ халқына құрметін арттыру, қазақ тілін тек мемлекеттік қана емес, сонымен бірге, іс жүзінде ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру алдыңғы орынға шығуы тиіс.

Қазақ журналистикасы бүгінде жалтақ. Ішкі цензурасы басым. Деңгейі — «пресс-релиздік». Бұл ең алдымен, телеарналарға қатысты. Жұртты мезгі еткен арзан ойын-сауық бағдарламалары шаш етекпен. Қазақ журналистикасы қоғамдық оқиғалардың соңында салпақтамауға тиіс. Бүгінгі таңда көркем әдебиет қоғамды ізгілік нұрымен шуақтандырып, гуманистік бағытта тәрбиелесе, ал публицистика қоғамды алға сүйрейді. Кемшін тұстарын көрсетіп, тек қоғамды ғана емес, тұтастай мемлекеттің бағыт-бағдарына тура жолды нұсқайды. Қазақ журналистикасының мойнында қазақ халқының тағдыры тұр. Сондықтан қазақ журналистеріне білім, біліктілік, ұлтшылдық, патриотизм қажет.

— **Қазіргі қазақ телеарналары туралы пікіріңізді білуге бола ма? Жалпы, сіз қай арнаны жаныңызға жақын тұтасыз?**

— Маған, әлетте өзім бек жылдай қызмет істеген Qazaqstan телеарнасы жақын. Ғасыр мен ғасырдың, мыңжылдық пен мыңжылдықтың тоғысқан тұсында осы

телеарнаны басқару менің еншіме бұйырыпты. Әрі бұл «Хабар» жеке арна боп ажырап, тәуір техника мен кадрлардың бір бөлігін алып кеткен, қаржылық орасан қиындықтар туындаған кез еді. Сондай қиын шақта ұлттық арнаны ілдалап аман алып қалуға жәрдемдескен Тыныс Өтебаев, Бақытжамал Ерманова, Гүлмария Барманбекова, Гүлжан Қасымжанова, Серік Ахметов, Сәуле Жиреншина, Ұлбосын Айтөлен, Ғалия Әженнова, Абзал Әбеннов, Өмірсерік Жұман, Абдолла-Алтай Сүлеймен, Мейрам Базарұлы, Бейбіт Сатыбалды, Асы Байбатша, Серік Жанболат, Гүлмира Қарақозова, Айгүл Жөнкебаева, Хадия Сейітқұлова, Ғалым

ғаның өзін, оқиғалар тізбегінен құбылысты аңдауға жәрдемдеседі. Яғни, екеуінің де өмір сүруге қажысы бар. Ал қазақтілді басылымдар қазақ халқы барда қажетсіз болып қалмайды. Оған қауіптенудің қажеті жоқ.

— **Кезінде «Мөлдір бұлақ» журналы басқарғаныңызды, кейін «Той әлемі», «Той-шашу», «Этнопедагогика», «Қазақстан патриоты» сияқты журналдар ашқаныңыздан хабардармыз. Ол басылымдардың кейінгі тағдырынан хабарлар етсеңіз?**

— Мектеп оқушыларына арналған «Мөлдір бұлақ» журналы 2002 жылы «Қазақстан — ZAMAN» газетінің жанынан ашылған. Оның алғашқы санынан бастап бір жылдай редакторлық еткенім рас. Алайда газет пен журнал екеуіне қатар бас редактор деп жаздыртуды ыңғайсыз көрдім. Бір жылдан кейін басылымға журналист Раушан Каршалова бас редактор болып бекітілді. «Мөлдір бұлақ» қазірге дейін сол «Қазақстан — ZAMAN» газетінің жанынан шығып келеді. Бүгінгі бас редакторы Жанастан Қуқукова.

Алла Тағала нәсіп етп, Раушан екеуіміз отбасын құрдық та, 2005 жылы «Президент және халық» газеті ашылғаннан кейін өлгінде сіз айтқан «Той әлемі», «Той-шашу», «Этнопедагогика», «Қазақстан патриоты» басылымдарын қолға алдық. Мақсат — ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді насихаттау, отбасы құндылықтарын дәріптеу, отаншылдық қасиеттерді орнықтыру болатын. Содан «Той-шашу» екі жыл, «Этнопедагогика» төрт жыл, «Той әлемі» алты жыл шығып тұрды. Алайда оншақты адамы бар шағын ұжымға бұл өте қиынға түсті. Оның үстіне, кез келген басылым қызметі оқырмандардың белгілі бір тобына арналатындығын ескермеппіз. Өзіндік аудиториясы қалыптаспаса, журнал өмір сүріп кете алмайды.

Шығармашылық күшімізді шашыратпау үшін ақыры бұл басылымдарды тоқтатып, негізгі күш газет пен «Қазақстан патриоты» журналына шоғырландырылды. Раушан қазір осы басылымға жетекшілік етеді. Отаншылдық тақырыпты тү еткен журнал, міне, 10 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Мектеп оқушылары арасында танымал басылымдардың бірі.

Әдет-ғұрып, салт-дәстүр мәселелерімен айналысу өте көп проблемаларға кезіктірді. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, әдет-ғұрыптарды білместікпен шатастыру, даракылық пен даңғазалық, дәстүр трансформациясын елемесу, жергілікті дәстүрлерді ұлттық дәстүрге айналыдыруға тырысушылық сияқты қайшылықтар алдан қашқан қояндай көбейе берді. Басылым оқырмандардың сол мәселелерге қатысты сауалдарына түпкілікті, түбегейлі жауап беруді қажет еді. Сондықтан еліміздегі белгілі этнографтардың басын біріктіретін Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр академиясы құрылды. Академия бүгінде ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді жинақтаумен, оларды жүйелеумен айналысады. Осы жылдарда «Адамгершіліктің қарапайым қағидалары», «Ерлі-зайыптылық ережесі», Раушан екеуіміздің «Бақыттың кілті» сияқты кітаптарымыз жарық көрді. Сонғы кітап оқырмандардың үлкен ықыласына ие болып, төрт рет басылды. Қазір бесінші басылымна әзірлік жасалып жатыр.

— **Латын қарпіне қошу туралы ой-пікіріңізбен де бөліссеніз?**

— Басы ашық нәрсе сол — қазақ жазу-сызуын латын қарпіне көшіру — өмір талабы. 1940 жылы Мәскеу билігі қазақ халқымен ақылдаспастан елімізді латын қарпінен кирилл әліппесіне көшіріп жіберді. Бұл — отаршылдық жүйе үшін әдеттегі жағдай болатын. Қазақстан тәуелсіздігіне ие болған жылдарда отарсыздандыру үдерісі жүргізілуі керек пе? Керек! Сондықтан бұл — онды қалам.

Мемлекет басшысының арнайы қаулысымен қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру туралы Жарлығына таяуда енгізілген жана нұсқа бұрынғы апострофтық нұсқадан құтылуымызға мүмкіндік берді. Біздің «Президент және халық» газеті жариялаған ресубликалық «Ғалымдар одағы» тара-

осындай үлестік жағдайында кез келген мәселеде консенсуска жету мүмкін емес. Интеграциялық талаптарға сәйкес Қазақстан өз нарығын Ресей өндірісілеріне айқара ашқанымен, Ресей тарапы қазақстандық өндірісшілердің қадамын қырықп отыр. Әсіресе, алкогольдік, қондтерлік өнімдерге дискриминация өте зор.

Қазақстан интеграциялық одақты құруға қатысты шартта жіберіп алған кемістіктерін тек соңғы жылдарда ғана байқап, өз мүдесін табандырақ қорғай бастады. Бұл — тәуелсіз елдің өз мүдесін өзінен басқа ешкім қорғайтындығын түсінгені. Ресеймен арақатынаста біз құлдық психологиядан арылып, қалайда тең дәрежелі серіктес дәрежесіне жетугіміз маңызды.

— **Тәуелсіз елдің ұлттық идеологиясы қандай болуы керек?**

— Тәуелсіз елдегі ұлттық идеология көрші елдерге жалтақтамай, дербес болуы керек. Өкінішке қарай, Қазақстан тәуелсіздік алғанына 26 жыл өтсе де, Ресейге жалтақтауын қояр емес. Соның бір мысалы — Ресейдің ақпараттық экспансиясы. Ресейдің жүздеген телераналары мен газет-журналдары біздің ақпарат кеңістігімізді жаулап алған. Есесіне, тиіп тұрған көршілеріміз Өзбекстан мен Қырғызстанның хабарларына зәруміз. Шынын айтқанда, тілі де, тағдыры да ұқсас түркі елдерінің мәдени дүниелерін сағынамыз.

Тәуелсіз елдің ұлттық идеологиясы менің ойымша, онда тұрып жатқан барлық диаспора өкілдерінің азаматтық құқықтарына кепілдік бере отырып, ұлттық мемлекет құруға бағытталуы керек. Яғни, «Ұлттық мемлекет — ұлы ұстаным». Қазақстан халқы 18 миллионнан асты. Оның 70 пайызын қазақ халқы құрайды. Қазақ халқы үш ғасырдан астам уақыт жоңғар шапқыншылығына, ақ патша отаршылдығына қарсы елі мен жерін қорғап күресті. Оның азаттық жолындағы айқастарына басқа ұлттың бірде-бір өкілі қол ұшын беріп көмектескен жоқ. Сондықтан ешкімге жалтақтамай, өзінің ұлттық мемлекетін құру мен қалыптастыруға қазақ халқының әрі құқықтық, әрі моральдық қажысы бар. Ұлттық идеология осы бағытта жүргізілуі тиіс.

— **«Қазақ қарулы күштерінің құрылғанына үш ғасыр, ал қазақтың әскери өнерінің тарихы одан да тым әрде жатыр» деген пікіріңізді әлеуметтік желіден көзім шылап еді. Осы ойыңызды біздің оқырмандарға тереңірек айтып берсеңіз?**

— Өткен жылы 7 мамыр тұсында Қазақстан Қарулы Күштерінің 25 жылдығы аталып өтіліп жатты. Тарихы үш мың жылдық

Тәуелсіз елдің ұлттық идеологиясы менің ойымша, онда тұрып жатқан барлық диаспора өкілдерінің азаматтық құқықтарына кепілдік бере отырып, ұлттық мемлекет құруға бағытталуы керек. Яғни, «Ұлттық мемлекет — ұлы ұстаным». Қазақстан халқы 18 миллионнан асты. Оның 70 пайызын қазақ халқы құрайды. Қазақ халқы үш ғасырдан астам уақыт жоңғар шапқыншылығына, ақ патша отаршылдығына қарсы елі мен жерін қорғап күресті. Оның азаттық жолындағы айқастарына басқа ұлттың бірде-бір өкілі қол ұшын беріп көмектескен жоқ. Сондықтан ешкімге жалтақтамай, өзінің ұлттық мемлекетін құру мен қалыптастыруға қазақ халқының әрі құқықтық, әрі моральдық қажысы бар. Ұлттық идеология осы бағытта жүргізілуі тиіс.

— **Өте жақсы сұрақ екен. «Көршіңмен тату бол» деді имандылық қағидаларында. Сондықтан еліміздің көрші мемлекеттермен тату, достық қарым-қатынас орнатқаны өте орынды. Өзбекстанмен, Қырғызстанмен экономикалық байланыстарымыз енді ғана жанданып келеді. Оның ішкі потенциалы үлкен деп ойлаймын. Ұлы көршіміз — Қытай елімен байланыстарымыз ұлттық мүддемізге нұқсан келтірмейтіндей шекте болуы тиіс. Көптеп қарыз алып, оны қайтара алмай, жерінің бір бөлігінен айырылып қалған Тәжікстанның кебін қимеуіміз керек. «Судың да сұрауы бар». Қарызды қайтаруға тура келеді. Сондықтан қарыз алғаннан гөрі, жобаларды бірлесіп жүзеге асырған пайдалы.**

Шекаралық бекеттерде коррупция салдарынан Қазақстан үлкен экономикалық залал шегіп отыр. Сертификатталмаған, не бір зиянды тауарлар мен азық-түлік түрлері айналма жолдар арқылы ел нарығына өтіп кетуде. Қытайдың жасанды әрі зиянды тамақтары дастарканымызда толып тұр. Мұны қалайда тоқтату керек!

Сондай-ақ Қытайдың 51 зауытын Қазақстанға көшіру туралы келісім қайта қаралуда тиіс. Өйткені Қытайда әлі күнге экологиялық стандарт қабылданбаған. Қазақстанға көшірілетін Қытай зауыттары — өзнері құтыла алмай отырған, өндірістік тұрғыдан артқа қалғандары. Өте лас, атмосфераны да, қоршаған ортаны да мүлде жарамсыз етіп тастайды. Қытай зауыттары келіп алса, Қазақстанның экологиялық талаптарына пысықмайды да. Онымен қоса, әр зауытқа ілесе «үйре-теміз» деген желеумен жүздеген, мыңдаған қытай келеді. Бейбіт экспансия дегеніміз — сол. Мәселен, Ресейдің Қытайға 49 жылға жалға берген 2 млн гектар жері бірнеше жылдың ішінде түкке жарамсыз болып қалды.

Солтүстіктегі көршіміз — Ресеймен достық қарым-қатынас Қазақстан үшін ұнамды. Алайда кезінде қатты жарнамаланған Еуразиялық экономикалық одақтың пайда-сынан гөрі, зияны басым болып баралды. Қазақстанда 2014 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ 12 мың доллардан асып тұрса, 2016 жылы ол 7 мың долларға төмендеді. Сыртқы сауда айналымы 20 пайыздан астамға құлдырады. 150 миллиондық нарыққа шығамыз деп үміттеніп едік, Ресей Қазақстаннан жеткізілген жеміс-жидекті, көкөністі, сүт өнімдерін түрлі сылтаумен ішкері өткізбей тастауды әдетке айналдырды.

Ресейдің соңғы үш ғасырда қалыптасқан үлкендержалық астамшылығы Кеңес Одағының тарауымен жойылып кетпепті. Ұлыорыстық шовинизм дегені тағы бар. Үстемшілдік пиғылы тең дәрежелі қарым-қатынас жасауға мүмкіндік бермейді. Соның қарапайым мысалы кенділік алымдардың институционалдык бөлінісінің тенеңсіздігін байқалады: кенділік алымдардың 88 пайызы — Ресейге, 7,5 пайызы — Қазақстанға, 3,5 пайызы — Белорусьқа тиесілі. Интеграциялық одақтағы дауыстардың бөлінісі де мүлде әділетсіз. Ресей әй-шайға қарамай, бірден 75 пайыз дауысқа ие. Қалаңы — Қазақстан мен Белорустікі. Дауыстардың

кезенді қамтитын қазақ халқының қарулы күштерін небары ширек ғасырлық уақытпен өлшеу қиянат төзілді көріңді. Сол арада еске 1710 жылы Үш жүздің біріккен қолын құру туралы шешім қабылданған Қарақұм құрылтайы еске түсе кеткені. Сол жылыда Табын Қараулы Бөкенбай батырдың: «Таланған көштің, тұтқындалған бала-шағаның, бей-шара бақылаусыздығы болып отырған. Жаудан кек аламыз, өлсек, қару ұстап өлеміз! Қыпшақ даласының сарбаздарының жалтарған кезі болды ма?! Жаудың зұлымдығына шыдап отыра алмаң! Жауға мінер түлпар құрып па?! Сұр жебе толы қорамсақ қанырап бос қалып па?!», — дегені бар ғой.

Сөйтіп, тұңғыш рет үш жүздің біріккен қолы жасқалған. Дұшпанға тойтарыс беріп, 1712 жылы 50 мың әскермен жоңғар жеріне басып кірген Бөкенбай батырды Қазақ халқының тұңғыш маршалы десе болады. Қазақтардың біріккен қолының қалмақтарға алғаш рет ойсырата соққы берген сол кезді Қазақ қарулы күштері құрылған таң ретінде алуға болады. 1710 жылдан есептесек, қазақ қарулы күштеріне үш ғасырдан асады екен. Қазыбек бек Тауасарұлының «Тұл-түкиянан өзіме шейін» деген кітабында қазақ әскері өнерінің стратегиялық, тактикалық небір ғажапшытары сөз етілді. Бұл әскери өнердің кейбір ерекшеліктерін қазіргі заманғы ұрыс өнерінде де пайдалануға болады.

— **Адамды қандай қасиеттеріне қарап бағаласыз?**

— Ең қымбат қасиет — адалдық. Көзіңше бір рет болса да өтірік айтқан адам басқа жолы да өтірік айтуға бейім тұрады деген сөз. Жалпы, адамның рухани тазаруы тұрмыстық деңгейдегі өтірік айтуды доғарудан басталады. Әдетте, «мені жок дей сал», «затора тұрып қалдым» дейтін өтіріктердің өзі адам жанын кірлетеді. Өмірде орындамайтың қаншама уәде беріп жүре береміз. Ол адамның адалдық қалпын аласарталды. Сондықтан орындатылғанын орындап, орындамайтығын себебін айтып, кешірім сұрап шұбатылған «құйрықтардың» бәрін үзіп тастап жүрген жанның рақаты. Сондай-ақ өз басым отаныш, мемлекетшіл, шынайы патриоттық қасиеттерді жоғары тұтамын.

— **Адам ата мен Хауа анадан бастап, барша аға ұрпақ өзінен кейінгі жастарға көңілі тол-мағанын екен. Ұлы да ұлт ақылы Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» деп оларға үлкен жүз артып кетті. Сіз не дейсіз?**

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Шұбаттасқан Ермахан САЙХЫҚҰЛЫ

ҚҰРМЕТ

Тіл мәдениеті – сол тілді дүниеге әкелген халықтың мәдениеті. Дүниені тану, оған деген қарым-қатынас пен сол халық өкілдерінің өзара қатынасы тілі арқылы жүзеге асады әрі таңдаланады. Сондықтан тіл сапасы неғұрлым бай, неғұрлым икемді болған сайын, оны тұтынушы халықтың мәдениеті де соғұрлым жоғары болып есептеледі. Алайда сол мәдениетті тілді халық шығармашылығының жемісі деп танығанымызбен, ақпараттық мүмкіндігін арттырып, көркемдік бояуын қанықтырып, үздіксіз дем беріп отыратын жекелеген кәсемдер мен шешендер екені жасырын емес.

Тіл мәдениеті дамуының екі жағы бар: бірі – практикалық жағы, яғни қолданыстағы мәдени деңгейі, екіншісі – тіл мәдениеті деп аталатын теориялық ізденістер барысы. Тілдің табиғи болмысы мен сипатын сыни көзбен бағамдау, алдағы даму бағыттарын айқындап отыру соңғысының еншісіндегі іс. Екінші сөзбен айтсақ, басты мақсат – мін түзеу. Мін түзеу үшін сын түзеу керек, екеуі түзелсе, тіл де түзеледі.

Тілге деген сұраныс барда, тіл сапасының дамуына қатысты осы талаптар қай заманда да бола береді. Әуеліне көз жіберсек, бұрынғылар «Аяғымнан сүріндірсен, сүрінді, жағымнан сүріндірме!» деп тіл өнерін жалғыз Жаратушыдан сұрайтын асыл тілдерінің қатарына қосады екен. Бізге жеткен ойлы сөз орамдары, айтылмақ ойға шап-шақ қалыпқа құйылған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер халық лабораториясында сынақтан өтіп, міңелген, күзелген, түзелген болатын. Абай өз заманында «сөз түзеу» ісіне баса мән берсе, одан кейінгі кезде Шәкәрім бастаған сол мектептің өкілдері оны ғылыми дәрежеге көтерді. Қазір сыни ойлардың теориялық негізі қаланып, тіл ғылымының бір саласына айналып отыр. Бүгінгі ғылымда тіл мәдениетін зерттеп, зерделеген ғалымдардың қатарында ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы және публицист Мырзатай Серғалиұлының есімі өзіндік орынмен ерекшеленеді. Ол тіл мәдениетінің қыры мен сырын саралап, артына қомақты

ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАМЫРШЫСЫ

еңбектер қалдырған тіл білімі өкілдерінің бірі әрі бірегейі болатын.

Тамаша ғалым еді. Өзі зерттеп отырған саланың ат байлар қазығы мен аяқ жетер өрісіне биіктен көз сала білді. Неден басталып, қайда барып тұрақтайтынын да көрегендікпен болжай алды. Ғылыми ойларын тіл мәдениетінің «Көркем әдебиет тілі», «Стилистика негіздері», «Синтаксис мәселелері» дейтін негізгі үш тұғырына қондырып, осы айдан өрбтті. Көркем әдебиет тілі – халық тілінің өзі, яғни зерттеу нысаны. Көркем әдебиет материалын зерттеу арқылы ғылым туалы, сондықтан бұл алдыға қойылған айқын мақсаттың алғашқысы. Жазушы тілін зерттегенде, туған тілдің шын мәніндегі мәртебесін көрсете алатын М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Шаймерденов, Т.Әлімқұлов, Қ.Найманбаев т.б. секілді қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларына тоқталды. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, З.Шашкин секілді жазушылардың шығарма тілі, тіл мәдениеті туралы пікірлерін зерделеді. Өйткені жазушылық тек табиғи дарынмен ғана өлшенбейді, қаламгерден асқан білімділікті де талап ететін еді. Осыған орай сыни талдаулардың тілдік ерекшеліктерін баса көрсетіп, сөз өнеріне қызығушыларға үлгі ретінде ұсынады.

Сын еңбектердің өзін оқу бар да, оны талдап, айтылмақ ойды қосымша таратып түсіндіру бар. М.Серғалиев жазушылардың тіл мәдениеті туралы еңбектеріне тоқталғанда осыны мақсат еткен секілді. Екіншіден, шығармашылық ізденіс барысында болатын жеке адамның басындағы жағдайлар да ғалымның ойында тұрған секілді. Мысалы, көркем шығарманы өмірге әкелетін адам шығарма жазғанда, түрлі толғаныстар мен ой қорытулардың күрделі сәттерін басынан кешіреді, сондықтан «күйзеліп тапқан көкіректегі көрікті ойды» қалыбын бұзбай оқырманға ұсынуудың тиімді жолдары жазушыға көбірек белгілі. Тынбай жазып жүрген сөз шебері ғана сөз құраудың қыр-сырын біледі, сондықтан оның пікірі шындыққа біртәбан жакын әрі әрбір деталі ескерілген, кең көлемді ойдан туады. Сыни тұрғыдан ойлай алатын жазушы өзіне де сын көзімен қарап, жазғандарын талғап сүзгісінен өткізіп



отырады. Әсіресе, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, З.Шашкиннің шығармашылығына талдау жасағанда осы жағдайлар ескерілген деген болжам жасаймыз. Ғалым сөз зергерлерінің сыни ойларын талдап түсіндіреді де, артынан шығармаларына талдаулар жасайды. Осы орайда М.Серғалиев Ғ.Мұстафиннің тіл туралы еңбектеріндегі мынадай жолдарға назар аударады: «Оқушыны қызықтыруға жазушылар қилы-қилы тәсіл қолданады. Тәсілдерді орындай білгенге шығарманың шырайын енгізетін шарттар көп. Солардың ішінде менің таңдағаным – ой мен тіл» деп жазушы пікіріне тоқталады. М.Серғалиев ой мен тіл арасындағы күрделі байланыстың сырларына үңілгенде жазушының тіл туралы толғаныстарына кездейсоқ тоқталып отырған жоқ. Сапалы шығарманың дүниеге келуі үшін бұл жұптың болуы міндетті шарт. Әсіресе, жеті рет өлшеп, пішілетін ой дәлдігі болғанда ғана көркем шығарма оқырман көкейінен шыға алмақ. Жазушы сыны мен жазушы тілін қатар қойып ұсынғанда ғалым нәзік элементтер мен терең иірімдерден тұратын қарапайым көзге байқала бермейтін, тек сезіну арқылы ғана білуге болатын сиқырлы құбылыстарды ескергенін шамалаймыз. Ілгеріде атап

өткеніміздей, бұл құбылысты өзгелерден гөрі жазушы терең аңғара алса керек.

М.Серғалиевтің зерттеулерінде тіл тазалығы, тіл дәлдігі, сөз тандау мәселелеріне баса назар аударды. Бұл үшеуі тіл мәдениетінің негізгі шарттары. Тіл тазалығы – сөз арасын бөтен сөзбен былғамау. М.Әуезовтің тіл туралы еңбектеріне, соның ішінде Абай дәуіріндегі жаргондардың белен алуына, кірме сөздердің орынды-орынсыз қолданысына байланысты ойларына тоқталады. Бұл ғылымда ғалымның зерттеулерінде Абайдың сөз өнеріне көзқарасын, тіл тазалығына қоятын талабын негізге ала отырып, оны «Жалпыхалықтық тілге жакындығы, қуаты, сұлулығы және стильдік өңделуі жағынан Абайдың поэзиялық шығармашылығының тілі өткен ғасырдағы қазақ әдеби тілінің шыңы болып табылады» дейтін Н.Сауранбаевтың пікірімен бекіте түседі. М.Әуезовтің Абай шығармаларының тілі туралы ойларының аясында жергілікті тіл ерекшеліктері туралы жалпы қазақ тіл біліміндегі даулы мәселеге өз пікірін қоса ұсынады. Қазақ тілінде диалект жоқ дейтін М.Әуезовтің пікірін ескере отырып, Абай тілінде ондай кемшіліктердің жоқтығына назар аударалы және тілдің заңдылықтары мен өзіндік жүйесіне сәйкес келмейтін кірме элементтерден тазарту туралы ойларын қуаттайды. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» дейтін өлең жолдарындағы Абайдың ақындық ұстанымы мен М.Әуезовтің оған деген көзқарасын қатар бере отырып, туған тілдің тазалығына Абайдың талғамымен, Мұхтардың білімімен қарауды ұсынады.

Стилистика – тіл мәдениетінің негізгі саласы. Көпке танымал жазушының өзіндік стилі болады. Тілдің дамуы, жана сапаға көтерілуі осындай үздік үлгілерді қалыптастырушы қаламгерлердің ізашар, жолбасшы болуы арқылы жүзеге асады. Ілгеріде аталған жазушылардың тілін зерттеумен қатар М.Серғалиев стилистика бойынша монографиялық еңбек жазып, қазақ тілі біліміне қомақты олжа салды. Көркем әдебиет тілі тіл өндірісінің өзі болса, оған рух беріп, көркемдігін де, айбарландыратын да – стильдік ерекшеліктері. Осы монографиясында стилистиканы «жалпы теориялық мәселелеріне»,

«функционалдық стилистикаға», «тіл ярустарының стилистикасына» және «тілдің бейнелеу-мәнерлеу құралдарына» тоқталды. Стилистиканың негізгі бағыттарының жүйелей отырып, оларды өз ішінде лингвистикалық стилистика, әдебиеттану стилистикасы бойынша саралады. Стильдің түрлері бойынша зерттеулері – терең ізденістердің жемісі. Өйткені ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі секілді өзара сабақтас салалардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді айқындап туған тілдің табиғатын терең тану мен зерделілікті талап етеді. Стилистикалық талдауларында барлық материалдар жазушылар тілінен алынды. Қолданыстағы ерекшеліктері бойынша лексикалық, фразеологиялық, морфологиялық бірліктерді талдаулар арқылы тіл жүйесіндегі әрбір элементтің стильдік қызметін айқындап берді.

Тілдің құрылымы, сөз құрау үлгілері синтаксистік жүйесі арқылы көрінеді. Екі сөздің тіркесуінен бастап, күрделі синтаксистік тұтастыққа дейінгі аралықтағы тілдік құбылыстардың байланысу тәртібі мен өзіндік нормалары – тілдің дамуымен бірге үздіксіз жетіліп отыратын құбылыс. Оны М.Серғалиевтің «Әдеби шығармалардың тілі поэтикалық лексика, поэтикалық синтаксис болғандықтан, мұндай жағдайда дәстүрлі, нормативтік грамматикадағы ережелерді қайталай беру немесе көпшілікке таныс ережелерді алға тарта беру нысанға дөп тие бермейтіні рас» деген сөзінен де байқаймыз. Сондықтан оның жүйесін тауып, синтаксистік қағидаларын белгілеу де – өзіндік қиындық тудыратын мәселе. Синтаксис жүйесіндегі күрделі құбылыстардың түйінін жазып, қазақ тіл білімінің ілгерілеуіне өзіндік үлес қосқан ғалымның бұл саладағы еңбектерін арнайы зерттеу нысанына айналдыру, яғни қазақ ғылымтану ілімінің негізін қалыптастыру кейінгі буын өкілдерінің алдында тұрған келеді міндет.

Тілдің құрылымы мен салалары, яғни мәдени дәрежесі қаншалықты шырқау биігіне көтерілгенмен, жазушы тілі халықтық тұнқушылығымен көрікті. Айтылмақ ойдың оқырманына көркем сипатта жетуі үшін халықтың өзі қалыптастырған үлгіден алыстап кетпеуі тиіс. М.Серғалиев еңбектерінде ескерілген жайттардың бірі осы еді. Алайда мәселеге екі жағынан қарай білді: «...Кей жазушыларымыз тілді қарапайым, түсінікті етіп жазамыз деген ниетпен қансыз, сөзсіз қарабайыр сөздерді тоғытып жіберетін кездері бар» екенін айтып сынады да, екінші жағынан: «Қарапайым жазу – ең бірінші, алдыңғы мақсаты және парызы, бұл – жазу үшін ең қиын жол.

Өйткені тіл кестесі қаншалық қарапайым болса, соншалық табиғи болуы шарт» дейтін М.Әуезовтің пікірін ұсынды. Қарапайым мен қарабайырлықтың айырмасын аңғара білуді жазушыға қойылатын талаптың негізі ретінде қарастырады. Өзі осы қағида омірлік принципіне айналдырды. Саналы ғұмырын тіл мәдениетінің гүлденуіне арнады, өзі де осы мәдениет қайнарларын бойына сіңірді. Теориялық ізденістерді ғылыми еңбектерінде ғана қалып қоймай, барша адам болмысына да дарығанын айта кеткенді жөн көріп отырмаз. Себебі, ол ғалымдығына қоса адамгершілігі зор, қарапайым әрі биік парасат иесі болатын. Университеттің табалдырығын аттай бере шешілетін бас киімінен бастап, алдынан жолыққан әріптестердің әрқайсысының көңілінен шығатын әзіл немесе хал, жөн сұрасуына дейін білім мен біліктілік көрініп тұратын...

Біртуар ғалымдығына қоса ол тамаша ұстаз еді. Сонау 1990 жылдың қыркүйек айынан 2011 жылдың тамызына дейінгі өмірі негізінен көз алдымызда өтті. Сол жылдарда көңілге түйгеніміз – ғылым дейтін кез келгеннің уысына түспейтін қасиетті құндылық тынымсыз ізденіспен қатар биік парасат бар жерге ғана тұрақтайды екен. Әріптес іні бола жүріп көз алдымызда қалған бейнесі мен көңілге ұялаған ұлағатты істеріне қайта бір көз жібергенде адами болмысының бейнесі ғалым, ұстаз, әдіскер деп аталатын үш ұғымның аясында топтасады екен. Ғылыми ойларын қарапайымнан күрделіге қарай дамыта отырып, оқырманына тамаша үлгіде бере білді. Көркем әдебиет тілі, стилистика, синтаксис мәселелерін тіл мәдениетінің аясына топтастырып, біртұтас жүйе ретінде ұсынды. Бұл тұрғыдан оның әдіскерлік қабілетін көреміз. Зерттеп отырған саласын оқытудың маңызды мен міндеттерін айта отырып, әдістемелік негіздерін де назардан тыс қалдырмады. Бүгінде еліміздің жоғары оқу орындарындағы тіл мәдениеті пәні бойынша М.Серғалиевтің еңбектері кеңінен пайдаланылады.

Ғылым әлеміне қадам басып, әуелгі бағытын айқындарда М.Әуезовтен дәріс тыңдап, М.Балақаев сынды ұлы ұстаздарға арқа сүйеген, кейін ғалым М.Серғалиев болып қалыптасып, өзіне ғана тән дара ғұмыр кешті. Артында қазақ тілі біліміне қосқан қомақты үлесі, ғылыми мектебі, шәкірттері қалды. Осы үштіктің Серғалиевтану ісіне негіз болатыны анық.

Бекжан ӘБДУӘЛИҰЛЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

ЖОЛДАУ

Елбасының биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын мұқият оқып шықтым. Бұл Жолдауда Қазақстанның технологиялық, экономикалық, әлеуметтік салалардағы өрлеу кезеңіндегі алға қойылған міндеттері анықталған. Қазақстанның болашақ алар асуларының негізі екенін халқымыз бұл Жолдауда дұрыс түсінді және жақсы қабылдады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің барлық Жолдауларында еліміздің 2050 жылға дейінгі ұзақмерзімді Даму стратегиясын жүзеге асыруда. «100 нақты қадам»: Ұлт жоспары аясында, индустриаландыру саласында, конституциялық және еліміздің үшінші рухани жаңғыруы сияқты Жолдаулары, іс-шаралары елімізде қарқынды жүргізілуде. Биылғы Елбасының Қазақстан халқына 2018 жылғы Жолдауы, Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуы бұрынғы Жолдаулармен сабақтастығын көрсетеді және еліміздің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады.

Білім беру саласында қызмет ететін болғандықтан, Жолдаудың жетінші міндеті – білім саласын жетілдіруге арналғандықтан, бұл тарау бізге көптеген ой туғызды және айрықша қанағаттандырды. Жетінші міндеті білім беру, адами капиталдың жаңғыру негізіндегі мәселелерге арналған. Білім беру саласын жақсарту үшін өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет екендігі көрсетілген. Президент өзінің Жолдауында орта білім беру саласында жанартаулар мазмұнға көшуді, оны 2021 жылы аяқтауды ұсынып отыр. Ол үшін жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар мен кадрлар дайындау мәселелеріне көңіл бөлу қажет екені көрсетілген. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын



ЖАСТАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ

қайта қарау туралы айтылған. Еліміздің университеттерінде педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажеттілігі нақты көрсетілген. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы осы Жолдауда көрсетілген білім-ғылым сапасын көтеруде айтарлықтай жұмыстар жасауда. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейтуге назар аударған. Осыған байланысты білім беру мекемелерінде бәсекелестікті арттырып, жеке капиталды тарту үшін қала мемлекеттерінде, жан басына қатысты келешекте қаржыландыру енгізілетін болатындығы анықталған.

Елбасы Н.Назарбаев жастарға қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеру арқылы Қазақстанның болашағын айқындатынына айта кетті.

Сонымен қатар Президентіміз жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын жастарға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін занамалық тұрғыдан бекіту керек екенін алға салды.

Жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар аясында квота бөліп, оларды қолдаудың жаңа жүйелі саясатын қолдаймыз.

Оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампус-тарын ашу қажеттілігінің туып отырғанын оның маңыздылығын Жолдауда Елбасы жақсы айқындап берді. Мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамыту арқылы ұлттық әлеуеттің артаатынын нақты көрсетті.

Сонымен, бұл Жолдаудың білім және ғылым саласында жүрген жастар үшін маңыздылығы, өзінің тарихын, тілін, мәдениетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандықтар бәздің қоғамымыздың идеялына айналуға тиіс екенін атап көрсетті.

Қуандық САПАРОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, биология ғылымдарының докторы

БІРЕГЕЙЛІКТІҢ БАСТАУЫ – БІРЛІК

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы «Мақсатқа жету үшін адамның санасы ісінен озып жүруі тиіс» деген оймен басталады.

XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы бөлімінде бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, революциялық емес, эволюциялық даму және сананың ашықтығы жайында айтылса, екінші бөлімі тау жылдардағы міндеттерге арналған.

Адами құндылықтар қатан сын-тетеуірлерге ұшырай бастаған заманда бұл мақаланың шығуы дертке – шипа, шөлдегенге – нәр, адасқанға бағдар болатындай қасиеті бар. Өйткені дамыған қоғамның негізгі іргетасы руханияттан қаланады.

Нарық заманында бәсекеге қабілетті болу – басты алғышарттардың бірі. Осы күнге дейін қара алтынмен, қазба байлықтарымен әлемге танылған Қазақстанның алдында үлкен міндеттер айқындалған: материалдық қана емес, сонымен қатар білім, зияткерлік, идея мен еңбектің қайнары болу. Неге? Өйткені жалғыз идеядан туған Google, Facebook және Alibaba Group сияқты алпауыт компаниялардың бағасы бір елдің жылдар бойы өндірген шикізатынан анағұрлым қымбат болғанының куәсіміз. Сондықтан Цифрлы Қазақстан, үш тілде білім беру, тартымды, қызықтырарлық мәдениет біздің басты капиталымызға айналуы керек.

Мақаланың екінші бағыты – прагматизм. Ондағы басты ой – ысырапшылықтан, «ас та, төк» деген қағидадан айырылып, үнемшілдікке шақырады. Әрине, қазақ – тойшыыл халық. Дегенмен, дәстүрдің де озығы мен тозығы бар. Абайша айтқанда, «пайда ойлама, ар ойла» деген сөз бұл.

Үшінші бағыт – ұлттық бірегейлікті сақтау. Бірегейліктің қайнар көзі – бірлік.



Адам баласы, әдетте, өзіне жетіспей жатқан нәрсеге құштар болады, іздейді, тілейді. Қазақ болса, қашан да дұғасында «бірлік болсын» деп тілеп жатады. Өйткені қазақ үшін бірлік – ауадай қажет. 1819-1821 жылдары Сібір генерал-губернаторы болған М.Сперанский «Қазақ даласында сексеуіл деген ағаш бар: шапсаң – шабылмайды, кессен – кесілмейді. Бірақ ағашты бір-біріне ұрсаң – тас-талқан болады. Бірін-біріне ұру әдісін қазаққа қолдану керек» деген деседі. Өкінішке қарай, кей кезде осы әдісті сырттағы біреу емес, өзіміз өзімізге қолданып жатамыз. Рухани жаңғырудың бұл бағыты бірлікке, бауырмалдықа бастайды. Сайып келгенде, бір жердің үстінде, бір аспанның астында өмір сүріп жатқан халық емеспіз бе?! Бұл жайында да Абай: «Біріңді – қазақ, бірің – дос көрмесен, істің бәрі бос» деп ескертіп еді заманында.

Мақаланың төртінші бағыты білімнің салтанат құруына шақырады. Яғни, меритократия.

XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған «Қазақтың оқығандары» атты

саяси-әлеуметтік топқа үш мыңға жуық адам кірген екен. Үш мыңды жылға шағатан болсақ, бір жылда отыз қазақ қана білім алған деген сөз. Қазір ше? Қазақстанның ішін алмағанның өзінде, шартараптын қай нүктесін алсаң да, білім алып жатқан қазақ баласын көресін. Көресін де, қуанасын. Өйткені бүгінгі күннің басты инвестициясы – білім.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан «алдымен – экономика, кейін – саясат» деген қағидақты ұстанып келді. Осы тұрғыда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының шығуы әбден қисынды. Ақыр аяғында экономика мен саясат жаңғыруының шарықтау шыңы рухани жаңғыру болуы тиіс. Рухани жаңғыру басталғанының бірінші белгісі – латын қарпіне көше бастағанымыз. Ол – біздің болашағымыз. Болашақтан артық не бар бүгін біз үшін?

Арсен ТҮРПАМБАЕВ,
«Нұр Отан» партиясының Мәжілістері фракциясы аппаратының консультанты

ҰСЫНЫС



Айтжан МҰРЗАНОВ (фотос)

ҰЛЫС КҮНІНІҢ ҰЛЫЛЫҒЫН ҚАШАН СЕЗІНЕМІЗ?

(Басы 1-бетте)

ҚЫДЫР БАБАНЫҢ АЯЗ АТАДАН ҚАЙ ЖЕРІ КЕМ?

Жасыратыны жоқ, жыл сайын Наурыз мерекесіне дайындық шаралары оған төрт-бес күн қалғанда басталады. Тұрасы дайындалған болады. Көңіліңізге келмесін, бірақ бұл — шындық. Мәселен, Иса пайғамбардың туған күнімен тұспа-тұс келетін Жаңа жылға ел-жұрт кемі бір ай бұрын қамданады. Шыршаның шамын жағып, көшелер мен ғимараттардың барлығын мерекелік ренкке сай безендіреді. Балабақшадан бастап, мемлекеттік мекемелерге дейін шырша кештерін ұйымдастырып, Аяз ата мен Ақшақарға төрінен орын береді. Ата-аналардың бірі балаларын түрлі ертегі кейіпкерлері кейпіне ендіріп әлек болса, енді бірі мейрамхананың төуірін іздеп, оған ай бұрын тапсырыс беріп сабылады. Тіпті Аяз ата мен Ақшақарды ақшаға жалдап, жаңұясына шақыратындар да жоқ емес. Үлкендер болса, аққайнары мен отшашуын әзірлеп, бірнеше күн қонақ күтеді. Өздері де қыдырудан қалыс қалмайды. Қысқасы, Жаңа жылды жан-төнімен қарсы алады.

Наурызды ше? Ел егемендігіне қол жеткізіп, Наурыз мерекесімен қайта қауышқан тұста наурызқоже Ұлыстың ұлы күні ұсынылатын ұлттық тағам ретінде танылды. Өкінішке қарай, сол көженің айналасынан әлі күнге шыға алмай жүріміз. Әрине, наурызқоже — мерекенің негізгі атрибуты. Десе де, Наурыздың бұдан өзге өзіңдік белгілері жоқ па?

Мәселен, Американың Санта Клаусы мен орыстың Аяз атасы, Ақшақарлары сансыз ертегі мен аңыздар арқылы өшпес, өлмес кейіпкерлерге айналды. Қыдыр ата мен Ұмай ана ше? Олар туралы ертегі, аңыз



Айтжан МҰРЗАНОВ (фотос)

жоқ па? Жердің киесі, жанажылдық берекенің бейнесі, адамзатты жамандықтан аластаушы Ұмай ананың Ақшақардан қай жері кем? Түпкі шығу тарихы беймәлім Ақшақар ұл-қыздарымызға қандай үлгі-өнеге көрсетеді? Қазақ елі жаңа түскен келінді табалдырықтан оң аяғымен аттатса сала «От ана! Май ана! Жарылқа! Жарылқа!» деп отқа май құйғызған. Осы ізгі ниетті ақ тілеудегі «От ана», яғни «Май анамыз» — бүгінгі ғалымдардың түсіндіруі бойынша Наурыз мерекесіндегі Ұмай ана. Қалай атасақ та, бұл кейіпкеріміз Ақшақарға қарағанда қазақы салт-дәстүрімізбен сабақтасып жатыр. Жанажылдық персонаж ғана емес, бүгінде түрлі фильмдерде сайкымазакқа айналып жүрген Аяз ата бізге нені үйретуде, ұрпағымызға қандай тәрбие беруде? Одан да қазақы жыл бастау бойынша алғашқы таңның шуағымен бірге келетін, тұңғалы да, кескінді Қыдыр атаны неге ұлықтамаймыз? Әлгі Аяз ата мен Ақшақарды ақшаға жалда-

ғыштар неге төрін абыз ақсақал Қыдырға беріп, балаларының санасын қазақы әдет-ғұрыппен сусындатпайды? Әрине, бұл Аяз атаны біржолата ысырып тастап, қазақ Қыдыр атаны ғана қарсы алуы керек деген сөз емес. Тек орыстың «шалынан» кем түспейтін Қыдыр атаны ұлтымыз лайықты деңгейде ұлықтаса екен деген ой. Наурыз тойында бір көжемен шектеліп қалмай, осы кейіпкерлерімізді қайта тірілтіп, ұрпақ санасында жаңғыртса екен дейміз.

Тағы бір ой, Наурызда туған нәрестелерге Ұлыс күнінің құрметіне «Наурызбай», «Наурызгүл», «Науша», «Науан» сынды есімдер берген. Осы салт та бүгін ұмыт болып барады.

ЖАСАНДЫЛЫҚТАҢ ЖАЛЫҚКАН ЖОҚПЫЗ БА?

Тағы бір айтатыны, қазақ халқы ертеде Наурыз айында әр жерге үлкен от жағып, оған май құйып, көрші-қоланға ұлттық

тағамдар ұсынып, ескі киімдерін жаңаға ауыстырып, айналасын құл-қоқыстан тазартып, көшет еккен. Яғни, бәле-жала ескі жылмен кетіп, бар тіршіліктің оянар сәтінде жақсылық шаңырағымызға ұяласын деп ырымдаған. Қазір бұл салт пен ғұрыпты әрбір қазақ ұстанып келе жатыр десек, еріксіз езу тартарсыз. Өйткені ауылдағы ағайын ғана наурыз айында көже пісіріп, жоғарыда аталған дәстүрлердің бірлі-жарымын орындамаса, қаладағылардың жадында мұндай салттың бары ұмыт болғалы қашан...

Рас, Ұлыстың ұлы күні қарсаңында мектеп оқушыларынан бастап, мекеме қызметкерлеріне дейін сенбілікке шығып, көшелер мен саябақтарды тазартуға кіріседі. Бірақ бұл ерікті түрде емес, «Амалым бар ма?» деп жасалатынын ішіңіз сезіп отырған болар. Дәл сондай, көктем шығысымен тал егіп, көшет отырғызшылар да көбейетіні белгілі. Алайда, олардың да бұл әрекеті қазақы дәстүрге беріктікті емес, мәжбүрліктен туындаған қадам екені айдан анық. Өйткені Наурыз мерекесі жақындағанда басшы біткен тал отырғызып жатқандарын жарыса жарнамалайды. Осы тұста біз наурыз айы ең алдымен мейірім мен жақсылықтың, бірлік пен берекенің төгілер шағы екенін ұмытып кеткендей-

міз. Алысқа бармай-ақ славяндарды мысалға алсақ, олардың көктемді қарсы алып, қысты шығарып салатын «Масленица» деген мерекесі бар. Ешқандай ресми мерекеленбесе де халық жиналып, от жағып, бәліштерін таратып, өздерімен-өздері арқа-жарқа болып жатады. Ең де салалы, би де билейді. Барлығы шын көңілден. Өздері үшін. Ал бізде барлығы есеп. Біреу үшін істейміз. Жоғарыда айтқан, сенбілік пен тал егу шаралары, қала берді киіз үй тігіп, көже пісіру де ішкі есеппен жасалады.

Тағы бір шындық, бүгінгі қазақ наурыз көжені де ақыға дайындайды. Мерекелік киіз үйлердің қазан-ошағына бара қалсаң, жылда көже сапырып, табақ әзірлеп отырған таныс адамдарды көресің. Олар көженің әрбір қазанына 25-30 мың теңгеге дейін алады. Сонда бір көжені киіз үй иелері дайындай алмаса, маңдайшасына «бөлен-бөлен» деген мекеменің киіз үйі» деп жаһанға жар салудың қажеті не? Тағы да сол ішкі есеп. Әйтеуір, жоғары жакқа жақсы көріңсем деген ой.

Тағы бір таңғаларлығы, Наурыз мерекесі жақындаған сайын ұлттық киім мен бұйымдарды жалға сұраушылар көбейеді. Әйтеуір, қарызданып, қауғаланып жатса да сатып алады. Осыдан кейін халқымыз бұл мейрамның парқын қайдан ұғынып, қалай сезінсін?!

БІРІЗДІЛІК БОЛМАЙ, КӨШ ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Көпшілік Наурызды «қыз ұзату», «құда тұсу», «тұсау кесу», «сүндетке отырғыз» көріністерін көрсету деп түсінеді. Наурызды тойлап жатқан қай жерге барсаң да, осы салт-дәстүрлерді келсін-келмесін сахна-лап, көрініс ретінде көпшілік назарына ұсынады. Осындай сәтте «Жылына бір келетін Наурыз мерекесінде жатқанды дү-

ниелерді емес, тереңнен тамыр тартатын тың дәстүрлерімізді неге танытпасқа?» деген ой келеді. Мәселен, мектеп оқушылары мен ұрпаққа тәрбиелік мәні зор «Бәсіре беру», «Ашамайға мінгізу», «Шарғы салу», «Қыз көші», «Шөміш қағу», «Наурызқоқ», «Наурызшешек», «Дәмету», «Құттық», «Бел көтерер», «Селт еткізер» сынды ырымдар мен дәстүрімізді неге дәріптемейміз?! Тарқатып айтсақ, бала есі кіріп 4-5 жасқа келгенде оған туған-туыстары бәсіре тай тарту етеді. Егер балаға арналған бәсіре аты үйретілген, минуте жарап тұрған болса, онда «Ашамайға мінгізу» дәстүрімен баланы соған отырғызады. «Ашамай» дегеніміз — екі жаны Х әрпіне ұқсатып жасалатын балаға арналған айшықты ер. Баланың аяғы қысқа болғандықтан, ашамайға үзеңгі салынады. Әбзелдің үстіндегі көрпе де балаға лайықталып тігіледі.

Бұдан бөлек Наурыз тойындағы салт «Ұйқышар» мен «Селтеткізерді» де білмейтіндер көп. Айталық, бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігітіне тартады. Бұл қазақта «Ұйқышар» деп аталады. Ұйқышардың қарымтасына жігіттер «Селтеткізер» рәсімін жасайды, яғни қалауынша айна, тарак, әтір суын сыйлайды. Айна — пәк-

Ұлыстың ұлы күнін жаз айында қарсы алуды ұсынғандар да болған. Оларға салса, әр облыс Наурыз тойын жылдың әр мезгілінде қарсы алатын шығар. Міне, жыл басын қарсы алудың өзінде бірізділік болмай тұрғанда, басқа жағын қалай жөнге келтіреміз?!

ЕСТІР ҚҰЛАҚ БОЛСА, ЕЖЕР...

Әрине, мұндай жағдайда ең бірінші үгіт-насихат жұмыстары қажет екені даусыз. Жайшылықта желтоқсанда келер Жаңа жыл былай тұрсын, жеке артистердің шығармашылық кешінің өзін бір ай бұрын жарнамалайтын телеарналарымыздың Ұлыстың ұлы күніне келгенде тым-тырыс бола қалатындығына таңғаласын. Әрине, көпке топырақ шашпаймыз. Бірақ отандық арналардың дені тек Наурыз мерекесінің қалай тойланғаны туралы ғана ақпарат берумен шектелетіні жасырын емес. Дәл сондай, Жаңа жылда «Жанажылдық жеңілдіктер!» деп жаһанға жар салатын сауда орындары да Наурыз мейрамының қарсаңында үнсіз отыратыны ішін қыңқылады. Алта сайын «Түңгі жеңілдіктер» деп ұйымдастырып жататын акциялардың бірін Наурыз мерекесіне арнаса, ешкімнің тірілігі тұралап қалмас. Бұл мәселе өңірдің кәсіпкерлеріне де қатысты. Облыс орталығы мен аудандарда орналасқан сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындар тауарларын наурыздық нақышпен, әлде «Ақ мол болсын!», «Ұлыс оң болсын!» деген сынды жазулармен шығарса, қандай тамаша болар еді. Онсыз да тауарлардың бетіне алак-жұлақ суреттер жапсырып насихаттап жүрген кәсіпорындар осындай игі іске барса, бұл көпке үлгі болары даусыз.


Тағы бір ұсыныс, биыл болмаса да, келер жылы билік тармақтарының халық алдында есеп беруі наурыз айында ұйымдастырылса, бұл да бір бабалар дәстүріне алалық, Ұлыстың ұлы күніне деген құрмет болар еді. Бұл жай есеп емес, қазақы таным бойынша «Бір жылда не істедім? Не тындырдым? Кімдердің көнілін қалдырдым? Кімді ренжіттім?» деген сынды рухани есепке де айналары айқын. Оған қоса, осындай жыр арқылы билік пен бұқара бір-бірімен көрісіп, өкпе-ренішті өткен жылда қалдырып, алға мол сеніммен қадам басар еді.

Егер Наурыз мейрамын рухани есеп беру айына айналдыра алсақ, мәдениет бағытындағы бар дүниелерді қорытындылар едік. Өткен жылдың ең үздік әнін, күйін, биін, жырын, термесін, әдебиет саласындағы үздік шығармаларды анықтап, сый-құрмет көрсетіп дәріптесек, ұтарымыз көп болары белгілі. Тіпті Мемлекеттік сыйлық, «Халық Қаһарманы» тәрізді жоғары наградалар мен атақтар осы айда берілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Мүмкін болса, мемлекетіміз Наурыз айын рақымшылық айы етіп белгілеп, тұрмысы төмен отбасыларға, жетім-жесірлерге қайырымдылық шаралары ұйымдастырылса, Ұлыстың ұлы күнінің ұлшылығын көрсетері тағы хак. Өйткені Наурыз — рухани өрлеу күні. Наурыз — табиғатпен тұтасу айы. Наурыз — кешірім мен мейірім мерекесі.

Ең бастысы, бағаласан — өз Наурызды бағала! Ұлықтасан — өз Наурызды ұлықта! Өйткені қазаққа бұдан асқан қадірлі, жанына жақын мереке жоқ.

Жапар САТЫЛҒАНОВ,
этнограф, натуралист, күсбейі

Сақтар сонау б.д.б. VI-V ғасырларда бірнеше ірі тайпаға бөлінді. Солардың бірі – массагеттер Каспий мен Арал теңізінің жағалауы, Иран, Ауғанстан қазіргі Тәжікстан аумағына қоныс аударып, жергілікті байырғы тұрғындармен етене араласып кеткен. Сол өңірге наурызды атап өту массагет-сақтардан барған. Парсылардың жаңа күн деп атауы сондықтан болуы мүмкін. Сонау б.д.б. V ғасырдан сақ дәуірінен бүгінге дейін сақталып келген Алматы маңындағы тамғалы тастардағы (петроглиф) тасқа ойып қалдырған суреттерде не бейнеленген? Бұл жөнінде зерттеп зерделеп жатқан ғалымдар жоқ.



Бірінші суретте үлкен күн шеңбері, оның ішіндегі тоғыз нүкте ортасында жалғыз нүктені айнала қоршап тұр. Мұнда ортадағы – күн және оның айналасындағы тоғыз планета. Екінші суретте «Күн құдайының» бейнесі көрсетілген дегенді қазіргі ғалымдар алға тартады. Адамның басы орнына салынған қос шеңбер, оның айналасындағы самсаған нүктелер нені мензейді? Бүкіл аспан әлемі, жұлдыздар, күн және жер, планеталар шоғыры көрсетілген.

САҚ ЗАМАНЫНАН БЕРІ САҚТАЛҒАН




Екінші суретте алғашқы суреттегі ортадағы нүкте (Күн бейнесі) жоқ. Ол басқа үлкен шеңбермен жеке көрсетілген. Одан басқа тоғыз нүктенің біреуі шеңбер ішінде ерекше белгіленген. Бұл жердің кескіні. Сыртқы шеңбер кіші шеңбер оның тәуелділігін айналуын көрсетіп тұр. Барлық планеталар, жұлдыздар күнді айналады, сыртқы шеңбер соны айқыштап тұр. Демек, біздің бабаларымыз арғы дәуірде-ақ дүниеге жазу-сызу келместен бұрын, күн жүйесін, жер және оның айналасындағы планеталарды санына дейін анықтап, олардың қалай орналасқанын, жердің тәуелділігін, күнді жылдық айналуын, жұлдыздар, аспан әлемі астрономия негіздерінен Галилей, Коперниктен 17-18 ғасыр бұрын толық хабардар болғанын тайға таңба басқандай, жартасқа қашап, көрсетіп кеткен. Ежелгі сақтар жердегі тіршіліктің қыр-сырынан толық хабардар болған. Жылдың төрт мезгілін, күнтізбесін наурыздағы күн мен түннің тенеуін жаңа жылдың басы деп белгілеп, одан мол ырыс, береке тілеген. Кешегі кеңес өкіметі тұсында бұл мерекені атап өтуге тыйым са-


луына қарамастан жасырын болса да халық арасында атап өту болатын. Наурыз — март аталғанымен ата-әжелеріміз наурыз атауынан танған емес. Наурыз айының ортасынан ауған тұста, онтүстік өңірге жасыл-көк түсті кішкене жұдырықтай торғай ұшып келетін. Жұрт оны наурыздың хабаршысы ретінде жылы қарсы алып, наурыз торғай деп атайтын.

Ендеше, 22 наурыздағы күн мен түннің тенеуін алғаш есептеп шығарған сақтар болғаны дау туғызбаса керек. Бүкіл түркітілдес, парсытілдес халықтардың ішінде тап қазақтардай наурызды ерекше құбылып сан салтанатпен атап өтетін ұлыс жоқ. Олар — ата салтына, дәстүріне берік халық. Қазақтардың наурызды тым әрде қалай қарсы алуы туралы нақты көрініс Қарғалыда табылған ескерткіште бейнеленген. 1939 жылы Алматы маңында аңшылар кездейсоқ, өте құнды 370 дана түрлі алтын әншекпей бұйыммен жерленген әйелдің қорғанына тап болады. Қапсырма, сырға, жүзіктер, түйе бейнесі салынған мөр, басқа да түрлі сәндік бұйымдар бар. Соның ішіндегі ең бағалысы — әйел сәукелесінің маңдайшасы (диадема). Бұл жөнінде белгілі археолог К.Ақышев былай дейді. «Прекрасным образцом древнеусуныского и ювелирного искусства является знаменитая «каргалинская диадема» (Ақышев, Алматы, 1979 г. стр. 2). Каргалинский клад содержал серию из-

делий из золота, анализ сюжета каргалинской диадемы, принадлежавшей усуням и датированный II в. до н. э. (Байпаков, Алматы, 2006 г. стр. 168). Енді осы Қарғалыдан табылған әйел сәукелесінің (диадема) сюжетіне қараңыз. Датированный II в. до н. э. (Байпаков, Алматы, 2006 г. стр. 168). Енді осы Қарғалыдан табылған әйел сәукелесінің (диадема) сюжетіне қараңыз.



Жоғарыдағы суретте: жан-жануарлар мен құстардың сырт кейпіндегі қуаныш сәттері бейнеленген.



Бірінші: белгісіз қанатты құбыжық жануардың үстінде оның мүйізінен нық ұстаған бозбала төңірегіне мереке басталғанын хабарлап шауып келеді.

Екінші: жылқы үстіндегі салт жігіт айналасына қолын сермеп қуанышты хабарлар жеткізуде.

Үшінші: жас жігіт белгісіз жануардың үстінде кері бұрылып қос қолында сыбызғы-сырнай, көкке қарап жүр төгіп келеді.

Төртінші: ат үстіндегі тойбастар жігіт, аузында қамыстан жасалған сыбызғы-сырнайы, қолдарымен біл өрнектерін көрсетіп билеп келеді. Жоғарыда ұшып жүрген құстар, жердегі маз-мейрам болған хайуандар кейпіндегі қуаныштарға қарағанда, мұнда наурыз мерекесінің толық бейнесі көрсетілген.

Міне, наурыз мерекесін 22 ғасыр бұрын халқымыз қалай қарсы алып, қалай тойлайтынын, қиыннан қиыстыра білген қас шебер, қаз-қалпында жеткізе білген. Ендеше, Наурыз — қазіргі айттып жүрген парсылардан бастау алған емес, бабалардан мирас болған қазақтың төл мерекесі. Наурыз — қазақ атауы, ұлттың жаңа жыл мерекесі!

Қалмахан ШЕКЕЕВ,
тарихшы, зерттеуші,
Тараз қаласы

№175 «Жаңа ғасыр» гимназиясының әкімшілігі мен «Сенім» қамқорлық кеңесінің бірлескен жиыны өтті. Отырыста алғашқы жартыжылдықта атқарылған барлық жұмыстар атап өтіліп, есеп берілді.

БАЛАҒА ДҰРЫС БАҒЫТ БЕРУ – МІНДЕТ

Алдымен жиында «Сенім» қамқорлық кеңесінің төрайымы Ж.Бодау жұмыс қорытындысына тоқталды. Кеңес мүшелерінің І жартыжылдықтағы есебі жасалып, жоғары баға берілді. Сонымен бірге, жиын барысында гимназия директоры Г.Мәнекеева кеңес мүшелерінің алдында кіріс, шығыс есебін берді. Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтарға тоқтала келіп, жаңа үлгіде білім беру мазмұнының түбегейлі өзгерістері нәтижелі қадамдарға бастау алып келе жатқанын тілге тиек етті. Гимназия ұстаздарының тынымсыз еңбегі мен теңдесіз шығармашылығының нәтижесінде оқушыларды заман талабына сай, өмірден өз орнын таба алатын, жан-жақты функционалды сауатты тұлға тәрбиелеп шығаруды мақсат ететіндерін үлкен сеніммен айтты өтті. Осы орайда гимназияның әрбір ұстазы шығармашылықпен қатар, білім жетілдіру үшін бірігіп жатқан түрлі курстар мен семинарларға, шеберлік сыныптарына тәжірибе алмасу мақсатында қаламыздың іргелі оқу ордасы Назарбаев зияткерлік мектептерімен шығармашылық қарым-қатынас жасап отырғанын атап көрсетті.

Т.Рысқұлов атындағы ҚазҰУ-дың проректоры Ә.Ыдырсова гимназия қабырғасындағы әр баланың тұлға болып қалыптасуына ұстаздардың тынымсыз еңбегі азық ететінін атап көрсетті. Осы тұста негізгі колдау ата-ана тарапынан көрсетілуі керекін айта келе, әр баланың таным көкжиегінің кеңеюіне танымал тұлғалармен өткізілетін түрлі тақырыптағы кездесулер мен отырыстардың маңызы сөз болды. Қазіргі бала айтқаннан гөрі көргенді тез қабылдап, нәтиже шығаратындықтан, мұндай жиындардың берері мол болары сөзсіз. Сондай-ақ М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік драма театры артисі А.Боранбай да қазіргі таңда балалардың мамандық таңдауда тікелей ата-ана көмегіне жүгінетіндіктерін дәлел келтіре отырып айтты өтті.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, баланың жан-жақты дамып, өмірден өз орнын табатын және бүгінгі алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға болып қалыптасуына екі жақ та ұдайы демеу көрсетіп отырған жөн.

Шырын САРЫМБЕКОВА

САХНА

Мемлекеттік қуыршақ театры – қазақ тарихындағы тұңғыш қуыршақ театры. 1935 жылы ашылған театр ордасы таяқ қуыршақтан бастап бүгінгі заман ағымына сай күрделі марионеткалармен қатар соңғы үлгідегі техникалық-лазерлі көркемдеулермен жабдықталған. Бүгінде ұлттың рухани қажеттілігін өтеп отырған 83 жылдық тарихы бар өнер ордасының алға қойған бағыты мен бағдары айқын. Ол – қазақтың қуыршақ театры өнерін өркендету, кешегі мен бүгінгі өмір арасын өнердің биік шыңы арқылы шынайы көрсете білу. Елімізде және шет елдерде өткен республикалық, халықаралық театр фестивальдерінде топ жарып жүрген өнер ошағының репертуарлық саясатының ауқымы кең.

ҚУЫРШАҚТАР ШАҚЫРАДЫ



Театр ұжымы 21 наурыз Халықаралық қуыршақтар театры күніне орай, алғаш рет 2018 жылдың 15-18 наурызы аралығында «Қуыршақтар шақырады – 2018» театршілік фестивалін өткізеді. Фестивальдің басты мақсаты – театр репертуарындағы 2017-2018 жылдар аралығында сахнаға жол тартқан қойылымдарды саралай отырып, қуыршақ өнерінің қоғамға әсер-ықпалын арттырып, дәстүрлі ұлттық қуыршақтармызды жаңғырта түсу арқылы жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу. Қуыршақ театры өнерінің дамуы жолында көркемдік-эстетикалық ізденіс көкжиегін кеңейту.


Фестиваль аясында кәсіби сарапшылар мен көрермендер назарына театр репертуарынан 8 қойылым ұсынылып, спектакль соңында талдау жасалынады. Сарапшылар қатарын Астана қалалық Қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі, режиссер Құралай Ешмұратова, Мәскеу қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі Вадим Смирнов, театр сыншысы Элеонора Турдубекова құрайды.

Фестиваль барысында «Ең үздік қойылым», «Ең үздік актер», «Ең үздік актриса», «Ең үздік қуыршақ жүргізуші», «Ең үздік қуыршақ дауысы», «Үздік дебют», «Үздік эпизод», «Үміт» номинациялары бойынша беріледі. Сондай-ақ театр әкімшілігінің шешімімен қуыршақ театрын кенінен насихаттау жолында қызмет атқарып жүрген БАҚ өкілдері қызметкерлері марапатталады.

Фестивальдің негізгі бағдарламасымен қатар театртанушы, өнертану кандидаты Еркін Жұасбектің Мемлекеттік қуыршақ театрының 1935-1991 жылдар аралығындағы тарихынан сыр шертетін «Қазақ қуыршақ театры» кітабының тұсаукесері өтеді. Сонымен қатар фестиваль аясында қойылымдардан тыс арнайы дәрістер, шеберлік сағаттары өтіп, театрдың алтын қорында сақталған қуыршақтардан көрме ұйымдастырылмақ.

Ерке ЖАН

«Айқын» газетінің ұжымы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың проректоры, ҰҒА корреспондент-мүшесі Ғабит Кенжебаева анасы ҒАЙШАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ



14-15 наурыз күндері Атырау қаласында Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық дәстүрді жандандыру арқылы қоғамдық сананы жаңғырту мақсатында «Ұлы даланың ұлттық дәстүрлері» халықаралық форумы өтеді.

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

Атырау облысы

Тұңғыш рет өткелі отырған «Ұлы даланың ұлттық дәстүрлері» форумы ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, мәде-

ниетімізді, өмір салтымызды заманға сай одан әрі байытуда, оны бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіру арқылы жаңа ұрпақты қалыптастыруда маңызы зор.

Ұлы даланы мекен еткен ұлттың құндылықты салт-дәстүрлерін халықаралық деңгейде насихаттауды мақсат еткен форум шымылдығы 14 наурыз күні Исатай-Махамбет алаңында «Жаңа жасынмен, Ұлы далам!» атты театрландырылған фестивальмен ашылады. Фестивальде әншілер өнер көрсетеді.

Ұлттың тойы ауызекі айтыссыз өткен емес. Шайырлар өткен өлкеде «Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып...» жыр доласы, қазақша күрес, тоғызқұмалақтан халықаралық жарыстар, елімізде атақәсіп ісмерлікті қолға



Ерлан АЛТЫБАЕВ (фотолық)

алған шебер Ырза Тұрсынзادаның шеберлік сабақтары, «Спикер-7» жастар зияткерлік конференциясы, «Наурыз адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы ретінде» тақырыбында халықаралық ғылыми конференция өтеді.

Бабалардан аманат болған «Көрісу» дәстүрінің мән-мағынасын айшықтайтын фестиваль аясында Қазақстанның Халық артисі, дүлдүл күйші Бақыт Қарабалина атындағы домбырашы қыз-келіншектердің республикалық конкурсы өтеді. Қазақ ұлтының өзге ұлттардан айырмашылығы – өзінің дарқан даласындай әр аймақта өзіндік үні бар дәстүрлі ән мектептерінің қалыптасуы. Осы дәстүрлі ән мектептері ХХІ ғасырға да бабалар аманатына адалдығын сақтап жеткізді. Соның айғағын тағы

бір мәрте паш ету үшін Атырауда екі жыл қатарынан «Мәңгілік сарын» халықаралық дәстүрлі әндерді орындаушылар фестивалі өтуде. Биыл дәстүрлі әндерді орындаушылар фестивалінде Қырғызстаннан Роза Аманова, Түркиядан Ирфан Гюрдаль, Арсланбек Сұлтанбек және Алтай-Тарбағатай, Батыс, Маңғыстау, Арқа, Жетісу, Сыр өңірлерінің күміс көмей дәстүрлі ән орындаушылары өнер көрсетеді.

Жайықты жағалай қоныстанған елдегі «Көрісу» дәстүрі осылайша, халықаралық деңгейде салтанат құрмақ. Қара шанақ домбырадан төгілген күйлер, кен тынысты дәстүрлі әндер, шайырлардың сөздері Атырау аспанында қалықтап, жұмыр жердің иесі адамзаттың жүректеріне жетпек.

Бір жасыңызбен, ағайын!

ЖҮЗДЕСУ

БАС НЕЙРОХИРУРГПЕН КЕЗДЕСТІ

Биыл 90 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанында бірнеше жылдан бері Мәлік Ғабдуллин атындағы «Тұлағану» орталығы жұмыс істеп келеді.

Жуырда осы орталықтың ұйымдастыруымен қазақтан шыққан аса дарынды нейрохирург-дәрігер, көрнекті ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі, Қазақстанның Еңбек Ері Серік Ақшолоақовпен кездесу өтті.

Жиынды ашқан университет ректоры, профессор Тақир Балыкбаев жиналған қауымға алдымен Серік Қуандықұлының қызмет жолы мен ел алдындағы еңбегі туралы қысқаша мәлімет берді.

Серік Қуандықұлының негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстары бас миы ішінен және ми қабыршағынан болатын орталық жүйке жүйесі мен жұлын ісіктерін, бас сүйек-ми жаракаттарын емдеу мәселелеріне арналған. Ол нейрохирургиялық ауруларға қатысты барлық хирургиялық әдістерді өз іс-тәжірибесінде қолдана отырып, мидың ең күрделі саналатын базальдік бөлімдеріне, ми бағанасына, қарынша жүйесіне, ми тамырларына хирургиялық операция жасайды. 8 патент пен авторлық куәліктің иегері, 150-ден астам ғылыми еңбегі және 6 монографиясы жарық көрген. Ақшолоақовтың жетекшілігімен көптеген докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалып, клиникалық ординаторлар даярланды.

2013 жылы Мемлекеттік сыйлық иегері



болды. Нейрохирургиялық ауруларды емдеу саласы бойынша көптеген ғылыми жобаның авторы. Әлемнің ондаған мемлекетінде нейрохирургия мәселелері бойынша ғылыми баяндамалар жасап, Қазақстан нейрохирургия ғылымын дүниежүзіне танытқан Серік Қуандықұлының еңбегі мен атак-абыройы Қазақ елі үшін зор мақтаныш.

Серік Ақшолоақовтың 2016 жылы Президент Жарлығымен «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алып, «Алтын Жұлдыз» медалімен және «Отан» орденімен марапатталуы оның бүкіл еңбегінің қорытындысы деуге болады.

«Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйсінтуде

жарар ол» деп хакім Абай айтқандай, әлем таныған, бүкіл қазақ елі мақтаныш еткен осындай абзал азаматымыздың ерен еңбегі мен тұлғасы бүгінгі жастарға өнеге болары сөзсіз» деді ректор Т.Балыкбаев.

Кездесуде көрнекті нейрохирург өзі негізін қалаған және бүгінде өзі басқарып отырған «Ұлттық нейрохирургия орталығы» туралы баяндап берді. Бұл орталық – 2008 жылы құрылған нейрохирургия саласындағы ең көрнекті емдеу мекемесі. Ол Орталық Азиядағы жана емдеу әдістерін қолдану мен ерте диагностикалаудан бастап науқастарды оңалтумен аяқталатын нейрохирургиялық қызметтерді толығымен көрсететін көшбасшы клиникалардың бірі

және бірегейі. Орталық Қазақстан тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған нейрохирургиялық көмек көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастырды. Орталық Азияда теңдесі жоқ және ең жоғарғы халықаралық стандарттарға сәйкес заманауи техникалармен жабдықталған. Бұл әрбір жағдайда дәл диагностика жасау мен емдеудің нақты әдісін қолдануға мүмкіндік береді. Орталықта 94 дәрігер және 192 мейіргер жұмыс жасайды. Дәрігерлердің 48 пайызы – жоғарғы санатты, 6 дәрігер – медицина ғылымдарының докторы, 18 дәрігер – медицина ғылымдарының кандидаты, 3 дәрігерде PhD деңгейі бар.

Кездесуде сөз алған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тіл жанашыры Асылы Осман, Қазақстан кардиологтар қауымдастығының президенті, медицина ғылымдарының докторы, профессор Сәлім Беркімбаев Серік Қуандықұлының тұлғалық және адамгершілік қасиеттері туралы жантебіренер жақсы сөздер айтты.

Студенттер мен профессор-оқытушылардың сұрақтарына жауап берген Серік Ақшолоақов дені сау, салауатты ұлт қалыптастырудың басты міндеттеріне тоқталды. «Ең бастысы, әрбір жас адам денсаулыққа кері әсерін тигізетін жат әдеттерден аулақ болып, күтініп жүрсе, аурудың алдын алу деген – осы» деді білікті дәрігер.

Ректор Т.Балыкбаев кеш қонағы С.Ақшолоақова Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Құрметті профессоры дипломын тапсырып, иігіне профессордың мантиясын жапты.

Мырзахан АХМЕТ

НҮР-Медиа

Меншік иесі — «Айқын газеті» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттану және ақпарат комитетінде тіркеу алынып, есепке қою туралы №16119-Г куәлігі 29.08.2016 жылы берілген

Директор – Бас редактор – Нұртөре ЖҮСІП

Серікбол ХАСАН – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ – шығарушы редактор
Асқар БЕК – жауапты хатшы
Гүлжан СӘДЕНҚЫЗЫ – жауапты хатшының орынбасары
Берік БЕЙСЕНҰЛЫ – веб-сайт редакторы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, — 79, 2 қабат
Байланыс телефоны: Алматы (727) 315-24-56, Астана (7172) 94-57-84
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

БӨЛІМ РЕДАКТОРАЛАРЫ:
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ – ақпарат, спорт
Гүлзина БЕКТАС – руханият, әлеумет
Комила ДҮЙСЕН – саясат, экономика
Жолдасбек ДУАНАБАЙ – меншікті тілшілер бөлімі, тел.: 8 (727) 315-59-60
Мәділхан ДҮЙСЕБЕК – техникалық редактор

АСТАНА БҮРОСЫ:
Амангелді ҚҰРМЕТ – 87789746272 (Астанадағы тілшілер қосынының меңгерушісі)
Айхан ШӨРПІ – 8 (7172) 935784
Нұрсұлу АЙБЕКҚЫЗЫ – 87058324073
Серік ЖОЛДАСБАЙ – 87029151514

ШТЕЛЕДЕГІ ТІЛШІЛЕР:
Раушангүл ЗАҚАНҚЫЗЫ – 81036304178420, (Мажарстан)
Дәурен ОМАР – 8108613764808083, (Қытай)

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
315-03-03.
E-mail: zuhra-31@mail.ru

Газет аптасына 4 рет шығады

- Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
- Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
- Кезекті үш қолжазбагерлік беттен астам материалдар қабылданды.
- «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе одан басу үшін редакцияның жазбана рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

АПТАЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ: 160 000

Тапсырыс №2648
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС
Сметі көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Өзінқалов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

Кезекші редактор – Майра ЖАНЫСБАЙ